75. Надирбеков, Ж.Р. Кюй: звукоряд традиционной домбры и композиционная терминология / Ж. Р. Надирбеков; рец. Д. К. Орынбай. – Караганда: Экожан, 2010. – 140 с.
76. Домбыра (Марат Нүкеев), баян (Алексей Ефременко) дуэті репертуарынан концерттік шығармалар «Той бастар» = Концертные пьесы из репертуара дуэта домбра (Марат Нүкеев), баян (Алексей Ефременко). I том / М. Нүкеев, А. Ефременко; пікір жазған О. Дүйсен. – Астана: Мастер По, 2014. – 75 б.
77. Домбыра (Марат Нүкеев), баян (Алексей Ефременко) дуэті репертуарынан концерттік шығармалар «Той бастар» = Концертные пьесы из репертуара дуэта домбра Марат Нүкеев), баян (Алексей Ефременко). II том / М. Нүкеев, А. Ефременко; пікір жазған О. Дүйсен. – Астана: Мастер По, 2015. – 77 б.
78. Домбыра (Марат Нүкеев), баян (Алексей Ефременко) дуэті репертуарынан концерттік шығармалар «Той бастар» = Концертные пьесы из репертуара дуэта домбра Марат Нүкеев), баян (Алексей Ефременко). III том / М. Нүкеев, А. Ефременко; пікір жазған О. Дүйсен. – Астана: Мастер По, 2016. – 78 б.
79. Тұрсынбайұлы, Б. Ақселеу – қазақтың қазынасы: [Астанадағы № 3 балалар кітапханасында «Қазына қалдырған қаламгер» атты әдеби-танымдық кеште Орынбай Дүйсеннің қаламгер жайлы жылы естелігі] // Егемен Қазақстан. – 2017. – 23 қараша. – 9 б.
80. Домбыраға арналған күйлер мен шығармалар жинағы / ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақ ұлттық өнер университеті; құрастырушылар: Н.Б. Тапалов, М.Е. Тапалова; пікір жазған О. Дүйсен. – Астана: Ві-Принт, 2015. – 115 б.

81. Домбыраға арналған педагогикалық репертуар / құрастырушылар: Н.Б. Тапалов, М.Е. Тапалова; пікір жазған О. Дүйсен. – Астана: Neipress, 2023. – 114 б.

ТИПТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ТИПОВЫЕ ПРОГРАММЫ TYPICAL PROGRAMS

82. Типтік оқу бағдарламасы ООТ «Орындаушылық өнер тарихы»: мамандық: Дәстүрлі музыкалық өнер. Халық аспаптары / Н. Бекенов, О.К. Дүйсен. – Астана: ҚазҰӨУ, 2006. – 11 б.
83. Типтік оқу бағдарламасы. Арнайы педагогикалық дайындық: мамандық: Дәстүрлі музыкалық өнер. Халық аспаптары / О. Дүйсен. – Астана: ҚазҰӨУ, 2006. – 6 б.
84. Домбыра мамандығына арналған академиялық бағдарлама: бастауыш саты, колледж және бакалавриат / құрастырушы О.К. Дүйсен; ҚР Білім және ғылым министрлігі: Қазақ ұлттық музыка Академиясы. Домбыра кафедрасы. – Астана: [б. ж.], 2008. – 75 б.
85. «Мамандық»: пәннің оқу-әдістемелік кешені. Магистратура / құрастырушы О. Дүйсен. – Астана: ҚазҰӨУ, 2013. – 75 б.
86. «Мамандық»: пәнінің оқу әдістемелік кешені / О. Дүйсен // Астана: ҚазҰӨУ баспасы, 2014.
87. Орындаушылық шеберлік: пәнінің оқу әдістемелік кешені / О. Дүйсен. – Астана: ҚазҰӨУ баспасы, 2014.
88. Арнайы пәндерді оқыту әдістемесі: пәнінің оқу әдістемелік кешені / О. Дүйсен. – Астана: ҚазҰӨУ баспасы, 2014.
89. Методические рекомендации по реализации казахстанского культурно-образовательного проекта «Культурный норматив школьника» / МКС РК. – Астана, 2020. – 11 с.

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚОР ЭЛЕКТРОННЫЙ ФОНД DIGITAL FUND

90. Дүйсенов, О. Қазақтың халық күйлері / О. Дүйсенов, С. Бүркітов. – Электрон. текстовые дан. (31,5 Mb). – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1996. – 158 б. – Мәтін: электронды.
91. Мұхитов, Қ. Домбыра өнерін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы: әдістемелік құрал / Қ. Мұхитов, Т. Мерғалиев, С. Бүркітов, О. Дүйсенов; ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі. – Электрон. текстовые дан. (22,7 Mb). – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 112 б. – Мәтін: электронды.
92. Мерғалиев, Т. Қазақ күйлерінің тарихы / Т. Мерғалиев, С. Бүркіт, О. Дүйсен. – Электрон. текстовые дан. (36,0 Mb). – Алматы: [Комплекс], 2000. - 412 б. - Библиогр.: б. 408-409. – Мәтін: электронды.

93. Домбыра мамандығына арналған академиялық бағдарлама: бастауыш саты, колледж және бакалавриат / құрастырушы О. Дүйсен; ҚР Білім және ғылым министрлігі; Қазақ ұлттық музыка академиясы; Домбыра кафедрасы. – Электрон. текстовые дан. (1,40 Mb). – Астана: Ақмола ҒТАО, 2008. – 75 б. – Мәтін: электронды.
94. Дүйсен, О. Ұлы көш: домбыраға арналған күйлер, әндер мен партитуралар жинағы: оқу-әдістемелік құрал / О. Дүйсен. – Электрон. текстовые дан. (29,4 Mb). – Астана: ҚазҰӨУ, 2014. – 280 б. – Мәтін: электронды.
95. Қаратау өлкесінің жыр-термелері: оқу құралы. 1-ші кітап / құрастырушы Е. Иса; музыкасын редакциялаған О. Дүйсен. – Электрон. текстовые дан. (6,44 Mb). – Астана, 2015. – 132 б. – Мәтін: электронды.
96. Құрманғазы. «Төремұрат»: Д. Нұрпейісованың 150-жылдығына / орындаған О. Дүйсен, домбыра // RUTUBE: [российский видеопортал]. – 2011. – URL: <https://rutube.ru/video/b313b035418baa27d6290f44c329f383/>)
97. Қосбасар / орындаған О. Дүйсен, домбыра. – [YouTube парақшасы]. – 2017. – 14 қараша. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=a7dbmUL1sA> 
98. Дүйсен, О. Қосбасар: домбыраға арналған күйлер және партитуралар жинағы: оқу-әдістемелік құрал / О. Дүйсен; ҚР Мәдениет және спорт министрлігі; ҚазҰӨУ. – Нұр-Сұлтан: Центр Элит, 2019. – 225 б. 
99. Орынбай Кәріғұлұлы Дүйсеннің «Ұлы көш» атты мерейтойлық шығармашылық кеші. – [YouTube парақшасы]. – 2021. – 9 қараша. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=hAtgOHW1E_o 
100. Дәулеткерей. «Қыз Ақжелең» / орындаған О. Дүйсен, домбыра. – [YouTube парақшасы]. – 2021. – 28 қазан. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=4KE4vpQj57g> 
101. Қазанғап. «Көкіл» / орындаған О. Дүйсен, домбыра. – [YouTube парақшасы]. – 2021. – 18 қараша. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=Me0s0Qlj5TA> 
102. САРАСӨЗ хабары: Орынбай Дүйсенмен кездесу // Abai TV: [сайт]. – 2021. – 22 қараша. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=F-uCZV8D_bo 
103. Күй ғұмыр = Музыка – язык чувств: ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профессор Орынбай Кәріғұлұлы Дүйсенмен кездесу. – Қазақстан-Қостанай телеарнасы: [сайт]. – 2022. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=zkCns8PhwTM> 

104. ҚазҰӨУ-нің профессоры Орынбай Дүйсеннің «Алтын орда» авторлық шығармалар жинағының тұсаукесері. – [Instagram парақшасы]. – 2024. – 21 қараша. – URL: https://www.instagram.com/reel/DCotG_voRcr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA== 
105. «Алтын сандық – 1001 күй» бағдарламасы: [Шабыт университетінің профессоры Орынбай Дүйсен Өнер мектебінде концерт өткізді]. – [Instagram парақшасы]. – 2024. – 29 сәуір. – URL: <https://www.instagram.com/reel/C6WA1ZeMNZL/> 
106. Дүйсен, О. «Отпан Тау» / орындаған: О. Дүйсен, домбыра; Д. Султанов, баян. – [YouTube парақшасы]. – 2024. – 21 қараша. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=fmvNeo-Xf9k> 
107. Алпысбаев, Ә. «Әке арманы»: «Елге арнау» шығармашылық байқауының Гала концерті / орындаған О. Дүйсен, домбыра. – [Facebook парақшасы]. – 2024. – URL: <https://www.facebook.com/100084127041450/videos/905204478267479/> 
108. Тәттімбет. «Сылқылдақ» / орындаған О. Дүйсен, домбыра // RUTUBE: [российский видеопортал]. – URL: <https://rutube.ru/video/5d5586b6add29c77307176b6a5b862b6/> 
109. Жантөре. «Шалқыма» / орындаған О. Дүйсен, домбыра // RUTUBE: [российский видеопортал]. – URL: <https://rutube.ru/video/3b0632a4bdb167854eed9f8e416829d6/> 
110. Сольный концерт / исполнитель О. Дүйсен, домбыра. – [страница YouTube]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=NorIwdEVpcl> 
111. Дина. Женис / орындаған О. Дүйсен, домбыра. – [YouTube парақшасы]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=wEeSHMEYglQ> 
112. Құрманғазы. Кісен ашқан / орындаған О. Дүйсен, домбыра. – [YouTube парақшасы]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=CKAtQ29FsBQ> 

ОРЫНБАЙ ДҮЙСЕННІҢ ШӘКІРТТЕРІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ
ДОСТИЖЕНИЯ УЧЕНИКОВ ОРЫНБАЯ ДҮЙСЕНА
ACHIEVEMENTS OF ORYNBAI DUISEN

113. **Ерниязов Ү.** Халықаралық «Шабыт» фестивалі ІІІ-орын (*Астана, Қазақстан, наурыз, 2011*)
114. **Бектасов Б.** «Сибирь зажигает звезды» халықаралық конкурс, І-орын (*Новосибирск, Ресей, 01-05 мамыр, 2012*)
115. **Шалқарова А.** Республикалық «Студенттік ғылыми жұмыстар» конкурсы, І орын (*Астана, Қазақстан, 2012*).
116. **Нәсіпбеков А.** «Астана-Мерей» халықаралық конкурсы, ІІІ орын (*Астана, Қазақстан, 13 желтоқсан, 2013*).
117. **Жолдас Н.** «Қос ішек» Республикалық конкурсы, «Гран-При» (*Астана, Қазақстан, қараша, 2014*)
118. **Жолдас Н.** Тәттімбет Қазанғапұлы атындағы VI Республикалық халық аспаптарында орындаушылар конкурсында дипломмен марапатталды (*Ақтау, Астана, қараша, 2015*).
119. **Жолдас Н.** «Қос ішек» Республикалық конкурсы І орын лауреат атағымен марапатталды (*Астана, Қазақстан, 19-20 ақпан, 2016*).
120. **Әрімбек А.** «Қос ішек» Республикалық конкурсы ІІ орын, лауреат атағымен марапатталды (*Астана, Қазақстан, 19-20 ақпан, 2016*).
121. **Әрімбек А.** Халықаралық «Шабыт» фестивалі ІІ орын лауреаты атағы (*Астана, Қазақстан, 3-8 қараша, 2016*).
122. **Әрімбек А.** Республикалық Нұрғиса Тлендиев атындағы байқаудың дипломаты (*Астана, Қазақстан, 29 наурыз-01 сәуір, 2017*).
123. **Айтқұлов Е.** ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі және мәдениет басқармасы Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармониясы ұйымдастырған Халық композиторы Дәулеткерей Шығайұлының 200 жылдығына және Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің құрылғанына 20 жыл толуына арналған республикалық домбырашылардың «КҮЙ-LIVE» онлайн конкурсына белсене қатысқаны үшін ІІІ-орын лауреат атағымен марапатталды (*Орал, Қазақстан, 2020*).
124. **Қодаров Ә.** Ұзақ атындағы Республикалық сайыс. Диплом (*Орал, Қазақстан 25-26 мамыр, 2016*).
125. **Құдайберген Т.** «Шабыт» халықаралық жастар фестивалі, І-орын. Қазақ ұлттық өнер университеті (*Астана, Қазақстан, 11-15 қазан, 2021*).

ОРЫНБАЙ ДҮЙСЕННІҢ ОЙ-ТОЛҒАМДАРЫ
МИРОВОЗРЕНИЕ – ВЗГЛЯДЫ ОРЫНБАЯ ДУЙСЕНА
WORLDVIEW – THE VIEW OF ORYNBAY DUISSEN

Қазақтың тұрмыс-тіршілігі дала табиғатымен қалай қабысып жатса, оның музыкасы да сол даланың, табиғатына тән дыбыс үндестігімен үйлесімін тауып табысып жатады.

Күй білімі шындап келгенде қазақ халқына қатысы бар білімді игеруді қажет етеді. Әйтпесе санаулы күйді сабалап озаттар санатында жүре беруге болады.

Күйдің «МЕНИ», орындаушының «МЕНИНЕН», оның қандай да болмасын лауазымынан, шен-шекпенінен, тіпті менмендігінен жоғары тұрғаны жөн.

Күйге құрмет болғанда ғана орындаушыға ізет болғаны жөн, керісінше емес.

Дүмше домбырашы күй бұзады.

Күй туралы айту оңай тарту қиын.

Дыбысыңның сапасы айырмен су сапырғандай болмасын.

Ән мен күйдің мәнін білген Ақселеу,
Сөйлесе әңгіменің сәні келген Ақселеу.
Ел жұртының қамын жеген Ақселеу,
Қайткенде қазақ болу жағын білген Ақселеу.
Қазақтың жанын білген Ақселеу,
Ғылымның тінін білген Ақселеу.
Жақсы мен жаманның мінін білген Ақселеу,
Жабы мен жүйріктің сынын білген Ақселеу.
Дала «тарпаны», қазақ Руханияты – «Тарханы» - АҚСЕЛЕУ.

Кейбір шәкірттер оқуға түсер-түспес, лауреат атанып, (кейде бірнеше дүркін) кейін есімдері естеде қалмай қалатын жағдайда қынжыла айтылған сөз:

Келуі,
Желуі,
Болуы,

Шеруі,
Толуы,
Солуы.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Алмас қылыш» фильмінің тұсаукесерінен: «Қазіргі таңда осындай тарихи, таным-тағылымы мол, үлкен тәрбиелік туындылар мемлекеттігімізді нығайтып, орнықтыра түсуге әсерін тигізері сөзсіз»... Киноның өскелең ұрпаққа берер тәлімін бірінші орынға қояр едім, бұл фильм біздің жастарға, біздің ұрпағымызға тамырымыздың терең екенін көрсетті. Енді келешекте осындай туындылар біздің тарихымызды түгендеп, қазақ хандығы, ғұн, сақ заманынан бері тарихи, таным-тағылымы мол, тәрбиесі зор туындыларға жол ашады деп ойлаймын. Осындай шығармашылық топтың тынымсыз еңбегінің арқасында дүниеге келген тағылымы терең тарихи туынды өз жалғасын табады деп сенемін».

БАСЫЛЫМ БЕТТЕРІНЕН
СО СТРАНИЦ ПЕЧАТИ
FROM PRINT PAGES


ДОМБЫРАНЫҢ ҚҰЛАҚ КҮЙІНДЕ АНАМЫЗДЫҢ ӘЛДІІ БАР

Орынбай ДҮЙСЕНОВ,
Сәрсенбай БҮРКІТОВ,
Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы халық
аспаптар факультеті, домбыра кафедрасының ұстаздары

Атыраудың ақжал толқындарындай ақ шашты сексендеп қарт ақын қалың ойдың үстінде анда-санда күрсініп қояды. Он саусағынан күмбірлеп күй төгілген домбырашы жігітті бар ынта-ықыласымен тындап отыр. Бір кезде кірпігінен тамшы жас домалап түсті. Ақынның өзі оны сезген де жоқ. Дастарқан басында күй тындап сілтідей тынып отырған көпшілік мұндай тұсты қапы жібере ме? Осы оқиғанын куәсі – менің күйдің кіші сағасы тартыла бергенде тұла-бойым шымырлап, арқамнан бір суық леп жүріп өткендей болды. Тереңде жатқан тұнық сезімімді толқын соғып, шайқалтып жібергендей әсерде қалдым. Көз қиығыммен ұрланып ақынның жүзіне қарап едім, күй сазына тербеліп, ырғақ-әуенмен іштей үйлесіп кетіпті. Күйші жігіт ең соңғы пернені жәймен ғана қағып, домбыраны жанына қойды. Сәл үнсіздік орнады. Бір кезде тебіренген үнмен: «Рақмет, күйшім, рақмет! Не деген құдірет күй! Қасиетіңнен айналайын, домбырам», - деді ақын.

Бұл өзі халқымызға белгілі қадірлі азаматтың үйінде болған оқиға. Домбырада ойналған шығарма Құрманғазының әйгілі «Көбік шашқан» күйі болатын. Кейін осы күйді зерттеп талдағанда оның әуен ырғағы ертедегі ақын-жыраулардың толғау өлеңдерімен үндесіп жатқанын байқадық.

Күйдің басындағы дәстүрлі кіріспе әуенде: «Елім-ай! Елім-ай! Туған жер, Атырау! Елім-ай!» - деген сөздер тайға таңба басқандай сөйлеп тұр екен.



Қарт ақынның күйді осыншама тебірене тыңдауында терең сыр жатқанын сонда білдік.

Кейіннен жүздеген халық күйлерінің табиғи нұсқасын ғылыми тұрғыдан талдай келе бір құпия сырдың жұмбағы шешілгендей болды. Бұл құпия сырға қанығу үшін әуелі күйдің тарихи нұсқасын бұзбай тарту керек. Екіншіден, күйді ана тілімізде сайрап тұрғандай сөйлету қажет. Бұл айтуға жеңіл сөз болғанымен, нақты өмірде оңай емес екенін күй тартқан жігіттерден көріп жүрміз.

Бір қадірлі шаңырақта жас шамасы жетпістерге келген екі апай Әбікен Хасеновтің әйгілі «Қоңыр» күйін тілге тиек етісті. «Шіркін, керемет күй ғой», - деп бірі қайта-қайта айта берді. Апайлардың сол күйді тыңдағысы келіп отырғанын сездім де, арамыздағы домбырашы жігітке қолқа салып, домбыраны жағалаттым. Ол бұл күйді бұзбай жақсы тартатын. Дастарқан басындағы бөгде бір жігіт домбыраны орта жолдан қағып алып сипалап біраз отырды. Құлақ күйін келтірді, сосын өзі тарта бастады. Күйдің екпінін тез алып, жылтыраған жеңіл дыбыстармен пернені қуып кетті. Әр жерінде өзінше қосып күйдің табиғатына қиянат жасады. Күй, әйтеуір, түсініксіз былдыр-былдыр ырғақтардың тізбегі болды да шықты. Тыңдап отырған апайлар да, сол жерде отырған өзге кісілер де мұны жақсы сезді. Мен іштей: «Қап, Әбікеннің тартуындағы «Қоңыр» жүректерінде мәңгі жатталып қалған мына апайлардан ұят болды-ау», - деп ойладым. «Өзі ұялмаған кісі бетін шиедей қылады» деген осы екен.

Қазақтың халық күйі «Қоңырды» тыңдағаннан кейін әйгілі ғалым академик Әбдуали Қайдари ана тіліміздегі «қоңыр» сөзіне байланысты көп әңгіме айтып берген еді. «Қоңыр» сөзін тура мағынасында қолданумен қатар («қоңыр қозы», «қоңыр тай», «қоңыр қаз», «қоңыр сиыр», т.т.) ауыспалы мән-мағынасында да жиі айтады екенбіз.

Мысалы, шешесі баласын «қоңыр қозым» деп мандайынан иіскейді. «Қоңыр жел, қоңыр салқын ауа» сияқты, т.б. сөз тіркестері өмірде жиі айтылады. Жалпы, «қоңыр» сөзі адамның көңіл күйіне жайбарақаттық әсер беріп, жұмсақ, биязы қалыпқа түсіреді екен.

Біздің заманымызға жеткен мыңдаған күйлердің ең көне нұсқалары қазақтың халық күйлері деп аталады. Бұл күйлер халық жадында мәңгі сақталған. Сондықтан да олар тарихи мұра ретінде бағаланады. Халық күйлері қазіргі қалпындағы тап-таза күйінде пайда болды деуге негіз жоқ. Ана

тіліміздің ғасырлар бойғы даму тарихы қандай болса, халық күйлерінің де даму тарихы сондай болды. Өзінің әуен-сазының дамуы мен қалыптасуы жөнінен күй де өркениеттің белгілі бір сүзгісінен өтті. Қазіргі халық күйлерінің тарихи нұсқасы бұған бұлтартпайтын дәлел ретінде айғақ бола алады. Әрине, әу баста қазіргі халық күйлерінің әуен-сазын шығарған белгілі авторлары болған. Кейін уақыт өтіп, жылдар жылжып олар ұмытылғанымен, сырлы саз, әдемі әуен елдің есінде қалды. Мұндай әуендер мен ырғақтар күй сазының бастау алар қайнар көзіне айналды. Олардың бойында алуан түрлі ұлттық бояудың небір керемет иірімдері құбылып көз тартады.

Жүздеген халық күйлерінің табиғатына зер салып қарасаң ертедегі таңғажайып сырлы дүниенің ішінде жүргендей сезінесің. Қазақтың халық күйлері ауыз әдебиетімізбен терең тамырласады. Тіпті, домбыраның құлақ күйін, яғни оң бұрауын «Бесік жырының» әуеніне келтіреді екенбіз. Бұған таңданбасқа шараң жоқ. Түн ұйқысын төрт бөліп, бесіктегі бөбегін әлдилеп тербеткен ананың ақ сүтімен бойға сіңген әуенді әр қазақ ғұмыр бойы жүрегінде сақтайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысал келтірейік:

«Бесік жыры» әуені:



«Бесік жырының сөзі:

«Әлди-әлди, ақ бөпем,

Ақ бесікке жат, бөпем.

Құнан қойды сой, бөпем,

Құйрығына той, бөпем».

Бейнелеп айтар болсақ қазақтың күйі де «Бесік жырынан» бастау алады екен.

Ғажап емес пе?!

Халық күйлері эпостық жырларда кездесетін әуен-ырғақтармен де тамырлас.

Мұндай әуен-ырғақтардың ғасырлар бойы қорытылып, халық күйлерінің сазына айналуы тарихи заңды құбылыс.

Ертеде өмір сүрген ұлы жыраулар эпостық жырларды қобыз, домбыра сияқты саз аспаптарының үніне қосылып айтқаны белгілі. Түркі әлеміне ортақ ұлы абыз атамыз Қорқыттың өзі қобыздың үніне қосылып жыр толғағаны аңыздан көрі ақиқатқа жақын екені сөзсіз. Қорқыттың жиырмадан астам күйінің әуен-сарыны қобыз үніне бөленіп, мындаған жылдық аралықты көктей өтіп, бүгінгі күнге жеткен тарихи шындық!

Күй сазының астарында табиғи заңдылыққа бағынған, түпкілікті орныққан жүйелі қағида бар. Қазақтың ауыз әдебиетін зерделей отырып күй сазының ана

тілімізбен тамырласатын тұстарын аңдау қиын емес. Ойымызды орнықтыра түсу үшін бірнеше мысал келтірейік.


Мөңке би (XVII-XVIII ғ. ғ.) тартқан әйгілі «Кеңес» күйінің әуен-ырғағына оның «Сары азамат, сардар бек» деп басталатын толғауы сәйкес келеді.

Толғаудан үзінді:

«Сары азамат, сардар бек,
Сөз сөйлейін, сабыр ет,
Сөйлесем менен шығар кеп,
Сөйлесем сөзді, етпе тек.
Сөз сөйлеймін алдында,
Асыл затты текті деп,
Жарамаса кей дауға,
Өкпелеме сөкті деп.

Әйгілі «Ақжелең» күйінің әуен-ырғағымен үндесіп жатқан өлең-толғаулар мен термелердің жиі кездесетіні де назар аударуға тұрарлық.

Күйдің нотасынан үзінді:




Өлең:

«Жылы-жылы сөйлесен,
Жылан іннен шығады.
Қатты-қатты сөйлесен,
Кәпір діннен шығады».

Сондай-ақ, «Ер Сайын» жырындағы «А, Бозмұнай, Бозмұнай» деп басталатын толғау, Ақтамберді жыраудың «Күлдір де күлдір кісінетіп», Асанқайғының «Еділ бол да, Жайық бол», «Көлде жүрген қоңыр қаз», «Құйрығы жоқ, жалы жоқ», «Бұл заманда не ғарып?», т.б. толғаулары әйгілі халық күйлері «Ел айырылған», «Қоңырдың» (Т. Мерғалиев, «Домбыра сазы», 1972) әуен-ырғақтарымен үйірлеседі. Бұдан бұл жыр-толғаулар, термелер дәл сол күйге арнап шығарылған деп түсінуге болмайды. Біздің мақсатымыз – ертедегі көне саздардың, әуен-ырғақтардың ұлттық бояуын жоймай қазіргі халық күйлерінің бойында да сақталып қалғандығын еске салу.

Халқымыздың салт-дәстүріне байланысты шырқалатын ән әуендері жылдар бойы ел жадында жаңғырып, келе-келе күй қалпына түсіп, оның сазына айналды. Соның айғағындай, өзіміз күнде тыңдап жүрген «Кеңес» күйінің әуен-ырғағына «Жар-жар» өлеңінің дәл келетініне қайран қалмасқа болмайды.

«Кеңес» күйінің нотасынан үзінді:



«Жар-жар» сөзі:

Жігіттер:

«Бір толарсақ, бір тобық санда

болар,
жар-жар,

Қырық иашң ақылы ханда болар,

жар-жар,

Әкем-ай деп жылама байғұс қыздар,

жар-жар,

Әкең үшін қайын атаң онда болар,

жар-жар».

Қыздар:

«Жазғытұрғы ақша қар

жаумақ қайда,
жар-жар,

Құлын-тайдай айқасқан оң

жақ қайда,
жар-жар.

Азар жақсы болса да қайын

атамыз,
жар-жар,

Айналайын әкемдей

болмақ қайда,
жар-жар».

Ал халық күйі «Көк дөненнiн» әуен-ырғағы «Соқыр теке», «Қасқыр қақпан», «Ақ сандық, көк сандық» сияқты қазақ балалары айтатын тақпақ-өлеңдердiң екпiн буындарын еске түсрeдi.

«Көк дөнен» күйiнен үзiндi:



«Соқыр теке» сөзі:

«Қараңғыда көзім жоқ,
Тиіп кетсем сөзім жоқ,
Қайда кеттің, қалқажан,
Жетектейтін өзің жоқ».

Фольклорлық музыкамызда өз алдына жанр болып есептелетін жүздеген жылдық тарихы бар әуен-саздар кездеседі. Олардың ішінде күй сазына айналғандары да көп. Мұндай күйлердің қатарына әйгілі «Ақсақ құлан», «Жоқтау» және т. б. жатады.

Мамай батыр өлгенде тоқсанға келген шешесі Қараүлік әжейдің жоқтап айтқан толғауы осы күйлермен үндесе кетеді.

«Екеуің жауға барғанда,
Қалмақты жеңді ұрысың,
Серіказ қалдың, Орағым!
Дүние шіркін, құрысын»,
«Жоқтау» күйден үзінді:



Арнасынан асып-төгіліп жатқан ән-күйлеріміздің өн бойында халқымыздың ақыл-ойы мен сезім-түйсігінің небір тұңғыық сырлары жасырынып жатыр.

«Сәулем-ай» атты әйгілі халық әнінің сөзінде: «Кілт болмаса сандықты кім ашады, сәулем-ай?» - дейтін есті жол бар. Сол айтқандай, қазақтың халық күйлері ата-баба рухынан жеткен сыршыл сезімнің сырын сақтаған «алтын сандық». Ендеше сол, «алтын сандықты» ашатын кілт – қасиетті ана тіліміз, ана тіліміздің мәйегі сақталған ауыз әдебиет болып табылады. Сондықтан ана тілімізбен қатар қасиетті күйіміздің ұлттық бояуын жоғалтып алмай, әрі қарай дамыту – бәріміздің парызымыз.

Ана тілі газеті
1997. – 6 б

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТІЛІ МЕН КҮЙІ

Орынбай ДҮЙСЕНОВ,
Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік
Консерваториясының доценті
Сәрсенбай БҮРКІТОВ, консерватория доценті

Ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұраның бірі – көне тарихы бар дәстүрлі күй өнері. Лексикалық қоры жағынан қазақ тілі қандай бай болса, музыкалық фольклоры жағынан да күйдің әуен-сазы сондай бай.

Әсіресе, қазақтың халық күйлерінің әуен-ырғағының тілмен байланыстары әлі назардан тыс қалып келе жатқан тақырыптардың бірі. Ол байланыстардың қандай заңдылыққа бағынатыны, қандай құпия сырлары бар екені, көркемдік сапасының қасиеттері қандай болатыны әлі күнге дейін ғылыми тұрғыдан өз бағасын ала алмай, жүйелі зерттеліп, әр қырынан талданып, тиянақты тәртіпке

келтірілмей отыр. Сондықтан да, авторлардың мақсаты – ана тіліміздегі заңдылықтардың күй өнеріне тікелей байланыстылығына оқырман назарын аудару. Олар, әсіресе жас ұрпаққа рухани тәрбие берудің жолдарын көрсете отырып, күй сазын қосымша оқу құралы ретінде пайдаланудың әдіс-тәсілдерін айтуды қастерлі міндетіміз деп санайды.

Күй мен тіл туралы әңгімені ең алдымен мазмұнына қарай бірнеше тақырыптарға бөліп, сөз төркінін соған лайықты жүргізгенді жөн көріп отырмыз.

Бұрынғы халық күйлерінің күй тарту дәстүрінде тындаушыны ең алдымен күйдің шығу тарихы туралы әңгімесімен таныстыратын болған. Содан кейін өзінің тартатын күйлерінің алдында «күй басын» тартады екен. Олар осындай «Күй басы» деп аталып, күйді өзінше кіріспе ретінде пайдаланған.

Мысалы, әйгілі күйші Қазанғап мұндайда «Күй басын» өзі шығарып тартатын болған. Біз де бұл мақаламыздың кіріспесін «Күй басы» деп атағанды жөн көрдік. Мұндай тіл мен күй туралы осы кезге дейін қалыптасқан жалпы-ғылыми түсініктердің мақалаға қатысты тұстары сөз болады.

Екінші тақырып «Күй сазының тарихы терең тамырлары» деп аталады. Мұнда күй өнерінің даму жолы мен тарихи бастау алатын бұлақ көздері туралы айтылады.

Үшінші тақырып «Халық ауыз әдебиеті және күй өнері» делінеді. Бұл тақырыпта фольклорлық ауыз әдебиеті үлгілерінің нұсқалары мен күйдің рухани мұра ретінде адам жан дүниесіне тигізетін әсері туралы әңгіме қозғалады. Бұдан кейінгі сөз болып отырған тақырыптарда күйлерді қосымша оқу құралы ретінде пайдалану туралы оны үйренудің кейбір әдістері және болашақта күйді қалай дамыту керектігі керсетіледі.

Күй басы

Әлқисса, ендігі әңгімені «Күй басынан» бастайық. Түркі халықтарының ішінде қазақ халқында тарихи кезеңдердің даму жолынан өткен, өзінің табиғи ерекшелігімен көзге түсетін дәстүрлі күй өнері бар.

Тіл мен күй туралы бұдан бұрын да талай еңбек жазылды. Олардың бәрі сол жазылған уақытында замана талаптарына сәйкес маңызды болды.

XIX ғасырдың орта шеңінде атақты түрколог ғалым В.В. Радлов «Қазақтар – әдет-ғұрып, салт-сана, тіл жағынан біртұтас ұлт» дейді. («Ел қазынасы – ескі сөз» кітабы. Алғы сөз. 6-7 беттер). Қасиетті ана тіліміздің сұлулығына, көркемдігіне, тазалығына қайран қалады. Шешендік өнерге танданады. Атақты ғалым тіл қорын жинауда татарша оқыған оқымыстылардан емес немесе дін ықпалына түскен түрін емес, сол кездегі қарапайым қазақтың таза тілінде айтылатын ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алуға тырысады.

«... Қазақ я құрып жоқ болар, я өз тілімен де өзгелердей тіршілік етер. 20-шы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас» деп А. Байтұрсынов XX-ғасырдың бас кезінде-ақ қазақтың тілі үшін балапанын

қорғаған торғайдай шырылдайды. Содан бері бір ғасыр болды, қазақ өзінің ана тілін қорғаумен күн кешуде. Ана тілінің жоғын жоқтап, қорғағаны үшін Ахмет Байтұрсыновтан бастап қазақтың жүздеген аяулы ұл-қыздары құрбан болып кете барған. Осы уақыттар ішінде тіл туралы біршама ғылыми еңбектер дүниеге келді. Тіліміздің көркемдік сапасы туралы талай рет кітаптар шығып, оқулықтар жазылды. Енді міне, XX ғасырдың соңында тәуелсіз ел болдық. Сөйте тұрса да, мындаған жылдық тарихы бар (А. Байтұрсынов) ана тіліміз өз мемлекетіне толық қызмет көрсете алмай арманда болып отыр. Жоғарыдан да, төменнен де жетім қозы сияқты түрткі көруде. Осының сыры неде? Бір кезек ойланып-толғанып көрейікші.

Қазақ тілі өз алдына жеке-дара жалқы тұрған тіл емес. Оның толып жатқан ағайындас қасиетті туыстары бар. Сол қасиетті туыстарынан айырылса ана тіліміз өгейсиді екен.

Тілмен өзектес құбылыстың бірі – қазақтың күй өнері. Қазақ – сауықшыл, әншіл, күйшіл, жыршыл, айтыскер, ақынжанды, арманшыл, қиялшыл халық.

Бұрынғы кездері қазақтың осындай өміршең қасиеттері тіл арқылы, әдет-ғұрып, салт-сана дәстүрі арқылы бір-біріне тығыз байланысты болатын еді.

Ендігі жерде олардың әрқайсысы өзара бағынбайтын өнер салаларына айналуға. Керек десеніз, бір-біріне жаттай дәрежеге жетуде. Әрине, мұның себеп-салдарын сіз бен біз жақсы білеміз. Бұған қарсы қолдан келгенінше батыл күрес жүргізе беру керек.

Бірте-бірте тіліміздің табиғи қасиеттерінен айырылсақ, бара-бара ана тіліміздің өзінен де айырыламыз ғой.

Бұрынғы күйшілік дәстүр мен қазіргі күйшілік дәстүрдің арасы жер мен көктей. Қазіргі кезде ана тілімізді білмейтін немесе шала білетін домбырашылар көбейді. Соның салдарынан тіл мен күйдің аралары суып, сағымдай бұлдырап, алшақтап бара жатыр. Тіл мен күйдің бірлігі туралы А. Жұбанов өзінің «Құрманғазы» кітабында (Алматы, 1960) былай дейді: «Құрманғазы кей кезде домбыраны адамның тілімен сөйлеткісі келеді. Ол қазақ күйлерінде бұрыннан бар нәрсе».

Ұлы күйшінің «Аман бол, шешем, аман бол», «Не кричи, не шуми», «Бұктым-бұктым», «Қайран шешем», «Ертең кетем» сияқты күйлерімен қатар басқа да күйлерінен ана тіліміздің табиғи заңдылықтары мен мұңдалап көрініп тұр.

Қазіргі заманның талап тілегіне сай тіл мен күйдің өзара байланыстары туралы ғалым, жазушы Акселеу Сейдімбеков: «Демек, қазақ күйлерін тыңдаған адам оның сөздік мағынасына іштей ілесе алмаса дәлірек айтсақ тілін білмесе, күйдің мән-маңызын, емеуріні мен семантикасын толық түсінуі мүмкін емес» дейді. Т. Акселеу, «Күй-шежіре», 1992.

Күйдің ана тілімізбен байланыстары жайлы соңғы кезде бұқаралық ақпарат құралдарында, ауыз-екі әңгімеде көп айтылып жүр. Кезінде Құдайберген Жұбанов та күй сазының тарихи терең байланыстары әншілік өнер мен жыршылық өнердің негізінде жатқанын ескертіп айтып кеткен адамдардың бірі еді.

Күй сазының тарихи терең тамырлары

Қазақ халқының күйі – сан ғасырлық тарихы бар біртұтас өнер туындысы, әрі қасиетті рухани мұрасы.

Күйдің әуен-сазына арқау болар терең тамырлар дәстүрлі музыкалық фольклорымызда жатыр. Мұнымен қоса тіршілігімізде де, әдет-ғұрып, салтымызда да күйдің бойына нәр беретін рухани мағына бай. Ал, енді қазіргі ғалымдарымыздың есебі бойынша бірнеше мыңдаған күйлердің бізге жетуі музыкалық фольклорымыздың ерекшелігі болып табылады. Мұндай ерекшеліктер әсіресе қазақтың халық күйлерінде айрықша байқалады. Әйгілі «Ақсақ құлан» (XII ғасыр) күйінің сазында көне әуеннің іздері бар. Ол күйдің ең басындағы ырғақта жоқтау айту сарыны аңғарылады. Олай болса, бұл көне әуен-саздан Ақсақ құлан оқиғасынан да әріде жатқан дүниенің болмысынан сыр ұғып, тереңге үңілеміз.

Күй сазының тарихи көнелігін білдіретін айрықша белгілердің бірі – ұлы Қорқыт (VII–IX ғасырлар) күйлерінің әуен-саз ырғағынан байқалады. Мысалы, бұған «Ұшардың ұлуы», «Тарғыл тана», «Әлім-ай, халқым-ай», «Қорқыт», «Желмая» сияқты күйлері жатады.

Мұндай көне әуен-сарындар қобызда, сыбызғыда, саз сырнайда, т.б. аспаптарда тартылатын күйлерде көп кездеседі.

Ұлы жыраулар айтатын эпостық жырлардан қалған көне сарындар көп. Олар жырдың ішіндегі оқиғаларға байланысты алуан түрлі болады. Келе-келе мұндай әуен-сарындар өзіндік дыбыс бояуына ие болып, қазіргі күй сазының негізін жасады.

Мысалы, халық күйі «Аққуды» алайық. Бұл күйде ерте кездегі жыршының әдемі мақамы құлаққа шалынады. Ол қоңыр үнді, әрі жағымды естіледі. Музыкалық фольклорымыздың бай мұрасын жасаушы халық таланттарының есімдері белгілісі де, белгісізі де кім болғанда да олардың бәрі дарынды әншілер, жыршылар, күйшілер болды.

Бұған айғақ ретінде «Кеңес» күйінен бастап «Нар идіргенге» дейінгі жүздеген күйлерді атасақ та жеткілікті. Егер осындай күйлер біздің заманға жетпеген болса, онда бүгінгі әңгімені айта алмаған болар едік.

Күй сазының көнелігін сездіретін ерекшелердің бірі – домбыраның құлақ күйі, яғни құлақ бұрауы. Әсіресе, қазіргі теріс бұрауда тартылып жүрген көп күйлердің әуен-сазынан көне сарынды байқаймыз. Мұндай күйлердің қатарына «Сары өзен», «Ақсақ қаз», «Нар идірген», «Қара жорға», «Ертіс толқыны», т. б. күйлер жатады.

Қазақтың күйлері фольклорлық жолмен дамығанын, яғни халық жадында сақталып ұрпақтан ұрпаққа жеткенін бәріміз де білеміз. Оны әр ұрпақ сол кездің, сол заманның талап-тілегіне сай ілгері қарай жалғастырды. Күйлердің әуен-саз кестесінің дамуына, көркемдік сапасының жетілуіне, формасының қалыптасуына қазақтың әншілік өнері тікелей әсер еткенін ондаған емес жүздеген күйлерді мысалға келтіріп дәлелдеуге болады. Қазақта әншілік өнер өте жоғары бағаланады.

Жүздеген халық әндері өзінің әдемілігі, сұлулығы, мөлдірлігі жағынан ерекше қасиеттерге ие. Мысалы, халық әндері «Сәулем-ай», «Еркем-ай», «Қара торғай», «Бір бала», «Назқоңыр», «Саужелгек», «Япыр-ай», т.б. өзінің ұлттық бояуы қанық, көркемдік сапасы жоғары дүниелер. Осындай халық әндерінің әуен-ырғағы күй сазын қалыптастырған бірден-бір бұлақ көзі болып табылады.

Енді халық әндерінің күйге айналуға себепші болған кейбір тарихи белгілерін сипаттап көрелік. Қазақтың дәстүрлі ән өнері талай ғасырдың елегінен өткен рухани көне мұра.

О баста әнді де және әннің сөзін де шығарушы бір адам болып келетіні белгілі. Онымен қатар жаңа әнді сол автордың өзі айтып, елге таратушы болды. Егер ән тыңдаушыларға ұнаса, бірінен-бірі үйреніп, халық арасында тарап кететін болған.

Халықтың өзі әрі тыңдаушы, әрі сынаушы, әрі насихаттаушы қызметін атқарды.

Қандай болсын жаңа әнді бір естігеннен-ақ жадында сақтап ала беретін қабілетті адамдар көп болғаны тағы аян. Мұндай қабілетті адамдардың ішінде ән салатын даусы күштілері де болды. Ал, даусы жоқтар әнді жатқа білгенімен оны өзінің жүрегінде сақтап, іштей айтып жүретін болған. Кейбіреулері сол әнді күй аспаптарына салып тартып та жүрді.

Жылдар өте бұл әндердің көпшілігі қайта жаңғырып жаңа әнге айналса, өзге бір әндердің әуен-ырғағы күй болып қалыптасу дәрежесіне дейін жеткен.

Жоғарыда сөз болғандай, авторлары белгісіз мындаған әдемі әндердің әуен сазы күйдің көркемдік сапасын дамытуға бірден-бір себепші болған деп нық сеніммен айта аламыз.

Оған мысал ретінде мына бір күйлерді алып көрелік: «Мұңлы қыз», «Бес төре», «Кербез қыз», «Көкейкесті», «Жоқтау», «Сарыөзен», т.б.

Екінші бір үлкен тамыр – эпостық жырдың әсерімен күйшілік өнердің қалыптасуы. Жыр айтқанда қолданылатын әуен-саз үлгілері келе-келе өнер туындыларына айналып, өз алдына күй жанрының қалыптасуына ықпал етті. Эпостық жырды айтушы жырдағы оқиғаларды, соған қатысты көріністерді поэзия тілімен жай ғана айтып қоймай, оны белгілі бір әуеннің мақамына салып айтатын болған. Ондай әуеннің мақамы күйдегі көріністердің ауысуына байланысты өзгеріп, жаңа бояулы әуенмен айтылып отырған. Жыршы кейде суреттеп отырған сюжеттердің арасында тыңдаушыны демалдыру үшін, әрі өзі тыныстау үшін жырдағы әуенді әр түрлі ырғақпен суреттеп, домбыра тартатын болған.

Жырдағы осындай тәсіл бара-бара қазақтың күй сазының негізін қалап, кейін күйдің қалыптасуына жағдай жасаған. Құдайберген Жұбанов бұл туралы былай дейді: «Бері келе әдебиет жанрлары жетісіп, бірінен-бірі бөлініп, қарасөзді әңгіме, өлеңді әңгіме, содан кейін өлең бөлек-бөлек жанр болып шыққаны сияқты күйде де жаңағы сюжетті әңгіме мен күйдің ішінен қарасөз бөлініп әдебиетке кетіп, сөз құралып, дауыс қосылып айтылғандар ән болып шығып, түрлі дыбысты, түрлі қозғалысты суреттейтін жерлері бөлініп, күй болып кетсе керек».

Төмендегі халық күйлері жоғарыдағы пікірімізді дәлелдей түседі.

Халық күйі – «Аққу». Бұл күйдің әуен-сазын көңіл қойып тыңдаған адамға көне заманнан келе жатқан жыр мақамы естіледі.

Мұндай көне сарындар «Ақ-желең» күйінде де анық сезіледі. Ал, «Қоңыр» сияқты күйден әуен-сазында төгілтіп жыр айтып отырған жыраудың үні құлаққа келіп, көз алдына оның келбеті келеді. Көне сарынға бай әуен ырғағы бағзы замандардағы жыр мақамын еске түсіретін күйлердің қатарына «Қобыланды батыр», «Қазақ ноғайдың айырылысу күйі», «Ел айрылған» сияқты көптеген күйлері жатады.

Халқымыздың бойындағы ерекше қасиеттерінің бірі көне әуен-сазды ұмытпай, ғасырлар бойы жадында сақтай білуінде. Бұған дәлел – күй өнерінің жетіліп дамуы десек қателеспейміз.

Халық ауыз әдебиеті және күй өнері

Қазақ халқының қазіргі сөйлеу өнерінің бұлақ көзі көне фольклорлық ауыз әдебиетімен тығыз байланыста екеніне ешкім де күмән келтірмейді. Ал, халық ауыз әдебиетінің күймен қалай байланысатыны туралы әңгіме өз алдына бөлек тақырып.

Қазақ шешендік өнерді өте жоғары бағалайды. Бұрынғы өткен билер өзінің шешендік өнеріне әуен-сазды кереметтей өте шебер пайдалана білді.

Атақты Мөңке би халқымен ақылдасарда көк төбенің басында отырып, күмбірлетіп күй тартады екен. Күйдің үнін естіген ел-жұрты «биекем Кеңес құруға шақырып жатыр» деп оның айналасына жиналатын болған. Сондағы Мөңке бидің тартатын күйін халық «Мөңкенің кеңес күйі» деп атап кетсе керек.

Ертеде сонау Монғолияда тұратын қазақтардың ішінде Бейіс деген ұлық болған екен. Ол өзі әділ, халыққа жағымды болған. Өзіне шағым айтуға келген адамдарды бірден тыңдамай, ең алдымен былқылдатып күй тартатын көрінеді.

Келген адам күйді тыңдап, ашуын басып, қабағы ашылғаннан кейін барып, әлгі адамның шаруасын тыңдап, келген шаруасын бітіреді екен.

Сол күйді халық «Беженнің кеңес күйі» деп атап кеткен дейді. Халық ауыз әдебиетінен ана тіліміздің көркемдік сапасына байланысты мысалдарды көптеп келтіруге болады. Ал, ондай үлгілерді күйден де табуға болады. Мысалы, халық күйі «Кеңестің» әуен-ырғағына салып төмендегі өлеңді айтып көрелік.

ЖАР-ЖАР

Бір толарсақ, бір тобық санда

болар жар-жар.

Қырық кісінің ақылы ханда

болар жар-жар!

Әкем-ай деп жылама, байғұс

қыздар жар-жар.

Әкең үшін қайын ата, әке болар

жар-жар.

«Кенес» күйінің құрылысы негізінен екі бөлімді болса, «Жар-жар» өлеңі де екі бөлімді болып келеді.

Күйдің тарихи формасын қалыптастыруға ауыз әдебиеті үлгілерінің көп көмегі тигенін төмендегі мысалдан көруге болады.

*«Ей, қарт Қожақ, қарт Қожақ,
Аттың басын тарт Қожақ,*

Менің немді сұрайсың...» - деп басталатын «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүніс арудың батыр қарт Қожаққа қаратып айтқан толғауының құрылысынан да байқауға болады.

Тіліміздегі сөз бунақтарының күйдің әуен ырғағына тигізген әсері туралы мына төмендегі күйлерді алып дәлелдеп көрелік.

Өзімізге таныс әйгілі халық күйі «Ақсақ құланның» ең басында дәстүрлі кіріспе ырғақтан кейін

«Ақ-сақ құ-лан!» («соль» шегінде),

«Ақ-сақ құ-лан!» («ре» шегінде) деген сөздердің буын ырғағы бар. Осы күйдің енді бір жерінде «Жошы хан-ау, балаң өлді!» деген сөз тіркесі қайталанып отырады. Қазақта бата беру, тілек айту сияқты салт дәстүр бар. Мынадай бата сөзін «Көк дөнен» күйіне қосылып айтып көрейік:

«БАТА»

*Бөршіл, бөршіл, бөршіл бол,
Боз торғайдай төлшіл бол...*

немесе «Ер Тарғын жырынан үзінді алып көрелік:

*«Бұлғыр, бұлғыр, бұлғыр тау,
Бұлдырап тұрған құрғыр тау»*

«Қазақ-ноғайдың айырылысуы» деген күйдің әуен ырғағына салып Асанқайғының мына бір толғау сөзін айтып көрелік.

*«Әділдіктің белгісі.
Біле тұра бұрмаса
Ақылдының белгісі.
Өткен істі қумаса.*

Халық күйлерінің әуен-сазынан, ырғағынан адамдар мен жан-жануарлардың мінез-құлқын, табиғаттағы құбылыстардың қимыл-қозғалыстарын анық байқауға болады.

«Мұңлы қыз» күйінде «мұңлы қыз, мұңлы қыз» деген сөз тіркесі әуен-ырғаққа бірден-бір әсер етіп тұр. Ара-арасында қыздың мұңайып өксіп-өксіп жылағаны шектің тұтылуы арқылы тартылады.

Мұндай дәлелдерді «Ақсақ құлан», «Ақсақ қаз», «Құр ойнақ», «Тепен көк», «Сарыөзен», «Ертіс толқыны» сияқты т.б. күйлерден көптеп келтіруге болады.

Қазақтың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына байлаңысты айтылатын мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, тақпақ өлеңдер, тағы сол сияқты ауыз

әдебиеті үлгілерінің құрылымы, буын тіркесінің жүйесі көне күйлердің бойында тұнып тұр.

Осындай сан ғасыр бойы айтылып келе жатқан әрі тұрақты, әрі көне ауыз әдебиет нұсқалары қазақтың халық күйлерінің әуен-ырғағының дамуына ықпал етуші күш екені сөзсіз. Біз халқымыздың музыкалық фольклоры мен ауыз әдебиетінің байланыстары туралы айттық.

Келесіде сөз күй сазының адамның сезіміне, көңіл күйіне тигізетін есері туралы болмақ.

Күй сазы және оның қасиеттері

Ертеден келе жатқан көне өнердің бір тармағы – күй жанры екені белгілі. Қазақ халқының фольклор музыкасында күй сазының тарихи даңғыл жолы бар. Қолда бар жүздеген халық күйлерінің әуен: сазынан байқалып тұрғандай, бірсыпырасы сонау ғұн тайпалары дәуірінен хабар берсе (мысалы, «Сары өзен»; «Шыңырау» т.б.), енді бір тобы ұлы түркі қағанаты кезеңіне жақын келеді («Шұбар ат», «Ертіс толқыны», т.б.). Ұлы күйші Қорқыттың қобыз күйлерімен қатар бірнеше күйлер Оғыз-Қыпшақ заманына жатады. Көптеген халық күйлерінің әуен-сазында кейінгі ғасырдағы тарих іздері сайрап жатыр.

Жалпы, күй сазы сан түрлі әуен-ырғақтардың жиынтығы екені аян. Бұл өзі, кеңінен алып қарағанда, музыка дүниесінде өз алдына тұтас ғылым болады. Егер, бұған ғылыми көзқараспен қарасақ, оның салалары ағаштың бұтағы сияқты жан-жаққа жайылады.

Қазақ халқының күй сазы бір сарындас емес, ол әр қырынан жайнап тұрған алмас тас сияқты. Мысалы, бір өңірде туып-өскен, тіпті бір ғасырда өмір сүрген Құрманғазы мен Дәулеткерей күйлерінің арасындағы ерекше өзгешеліктер осының айғағындай. Ал, Қазанғап алдыңғы екі ұлы күйшіге ұқсамайды оның күйлері мүлдем ерекше бөлек дүние. Сондай-ақ, Тәттімбет күйлерінің әдемі сазында ешкімге ұқсамайтын сынғырлаған сұлу әуен бар екенін халқымыз жақсы біледі. Қаратау өңірінің атақты күйшісі Сүгір күйлерінің сазы тұңғыық сырға толы өз алдына бір төбе. Күйшілік өнердің туын тіккен Маңғыстау күйлерінде әуен-ырғақтар Каспий теңізінің толқынындай жал-жал болып жатады. Бұл – біз білетін күй сазының асқар шындары. Ал, күй сазының ең сұлуы да, ең әдемісі де, ең мағыналысы да қазақтың халық күйлерінің бойында тұнып жатыр. Халық күйлерінің әрқайсысының қайталанбас өзіндік әуен-ырғағы бар. Олар ұлттық бояуға қанық, әрі таза, әрі мөлдір, әрі көне болып келеді. Күй сазының мұндай әр қилы болуы – халқымыздың фольклор музыкасының үлкен байлығы. Құдайға шүкір!

Әнді тындауда, күйді түсінуде – халқымыздың бойындағы талғампаздық, сезімталдық, сыншылдық қасиеттердің өте жоғары екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Ылайымда солай бола берсін.

Әңгімемізді әрі қарай өрбіте отырып күй сазының жан-сезімге әсер ететін ерекше қасиеттері туралы айтайық. Күй сазының әсері туралы өте ерте кезден-ақ белгілі болған. Көптеген күйлердің шығу тарихы туралы аңыз әңгімелер соның дәлелі.

Мысалы, (Тарақты Акселеу, «Күй-шежіре» Алматы. 1992. 77-бет) «Шыңырау» деген күйдің-аныз әңгімесінде: «Баланың қолында аққу мойын қара қобыз болса керек небір сиқырлы саз шығарып, күй төге келеді. Жер бетінен күйдің сарыны естілуі мұң екен, қаптаған ордалы жылан шиыршық атуын қойып, сілтідей тынады», - дейді. Немесе, әйгілі «Нар идірген» күйінің аңыз әңгімесі тек қана қазақ халқына емес, сонымен қатар, басқа да түркі халықтарына да ортақ дүние.

Орта ғасырлық ұлы жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) туралы мынадай аңыз әңгіме бар. Бірде ұлы күйші патшаның қабылдауында болып, оның алдында күй тартады. Сонда патшаның маңында отырған: уәзірлері шабыттанып, көңілдері көтеріліп, рахаттанып қалады. Біраздан кейін ұлы күйші мұңлы бір әуенді тарта бастайды. Отырған уәзірлерден бастап патша да мұңға беріледі. Тіпті кейбіреулерінің көзінен жас та шығып кетеді. Бір мезгілде жанағы уәзірлердің көздері жұмылып, қалғып-мүлгіп патшасымен қоса ұйқыға кетеді. Сол кезде ұлы жерлесіміз аяғын ептеп басып патша сарайынан шығып, өз жөніне кетеді. Ал, ұлы күйші Қорқыт қобыздың сиқырлы үнімен жылаңды арбап тоқтатқаны туралы аңыз әңгімені бәріміз де білеміз. Мұндай әңгімелер ел жадында көп сақталған.

Күй сазының емдік қасиеті ерте кезден-ақ белгілі болған. Баксылар емдік қасиет ретінде қобыздың үнін пайдаланғанына тарих куә. Қазірде халық емшілері күй сазын өзінің шипалық өнеріне пайдаланады. Күй сазы туралы толық мазмұнды әңгіме қозғау үшін жүйелі түрде терең талдау керек. Бұл мақалада біз ондай мақсат көздемегендіктен, тек күй сазының ең негізгі түрлеріне тоқталып өтпекпіз.

Күйшілік өнерде «Ақжелендер» деп аталатын күйлер топтамасы жиі-жиі тартылады.

Ұлы халық күйшілері бұл тақырыпқа бірнеше күйлер арнады. Құрманғазы «Ұзақ ақжелен», Дәулеткерей «Қыз ақжелен», Қазанғап «Кербез ақжелен» «Орынбай ақжелен», т.т. Мысалы, ел аузында Қазанғап күйші 62 «ақжеленді» тартты деген сөз бар.

«Ақжелен» күйлерінде көңілдің риясыз таза пәктігімен қатар, халқымыздың мінез-құлық қасиеттерінің сұлулығы, ақ көңіл ақжарқын сәттері суреттеледі.

Күй өнеріндегі негізгі тақырыптардың бірі – нәзік сезімге құрылған лирикалық күйлер. Оған халық күйлері: «Айжан қыз», «Келіншек», «Кербез қыз», Құрманғазының «Балқаймақ», Дәулеткерейдің «Көркем ханым», «Қаражан ханым», Қазанғаптың «Шыныаяқтастар», «Балжан қыз», «Балжан әйел», Тәттімбеттің «Сылқылдақ», «Былқылдақ», т.б. жатады. Мұндай күйлерде қыз-келіншектердің бейнесін жасаумен қатар, махаббат, сүйіспеншілік сезімдері, құштарлық жағы суреттеледі.

Күйшілік өнеріндегі келесі бір ерекше тақырып – батырлық, ерлікті жырлайтын күйлер. Мысалы, халық күйлері: «Сырым сазы», «Көрұғлы», «Қарасай», «Кенесарының көк балағы», Құрманғазының «Төремұрат»; Абылдың күйі «Нарату», Тәттімбеттің «Азаматқожа», Динаның «Жігер», т.б. осыған жатады.

Мұндай күйлерді тыңдағанда бойға күш-қуат, жігер, ерлік сезімі күйылғандай болады.

Қазақтың күй өнерінде мағынасы терең, мазмұны ойлы күйлер өте көп. Бұл салаға жататын күйлердің ішінде халық күйлері «Кенес», Асанқайғының «Ел айырылған», Абылдың күйі «Абыл», Құрманғазының «Алатау», Тәттімбеттің, Сүгірдің «Қосбасарларын» бөліп атауға болады.

Күй сазының ежелден келе жатқан ерекше қасиеттерінің біріне қайғы-мұңды суреттейтін түрлері жатады. «Ақсақ құлан», «Ақсақ қаз», «Мұңлы қыз», «Ақсақ құлан» сияқты т.б. халық күйлерімен бірге, Құрманғазының «Көбік шашқан», «Кісен ашқан», Дәулеткерейдің «Салық өлген», Қазанғаптың «Көкіл», т.б. осындай күйлер.

Адамның көңіл-күйіндегі жағымды әсерді, жұмсақ, сыпайылық көріністерді суреттейтін күйлер де өте көп. Мұндай күйлер тобына: халық күйі «Қоңыр», Әшімтайдың «Қоныр қаз», Әлікейдін «Қоңырала», Динаның «Әсемқоңыр», Сүгірдің «Жолаушының жолды қоңыры», «Телқоңыр», «Майда қоңыр», Әбікен Хасеновтің «Қоңыр» т.б. жатады.

Күй өнеріндегі ең көне тақырыптардың бірі – қимыл-қозғалыстарды білдіретін күйлер. Өзінің суреттеп отырған тақырыбына байланысты мұндай күйлер әр түрлі болып келеді.

Мысалы, халық күйлері «Құр ойнақ», «Сары өзен», «Қазақтың қалмақ биі», Қазанғаптың «Бозжорғаның бөгелек қақпайы» т.б. Халық күйшілері күй мен бейнелеудің бұл түріне асқан шеберлік танытып отырды.

Күй сазының қасиеттері біз айтқан әңгімемен шектеліп қалмайды. Әр күйдің өз табиғаты бар, өз тыңдаушысы, бар, әр жүрекке өз қалауынша әсер етеді.

*Қазақстан мұғалімі
1997, № 5, 71-73 б.*

ДИНА НҰРПЕЙІСОВАНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫНА

Орынбай ДҮЙСЕН

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры

Әр ұлт пен ұлыстың тарихында, оның әлеуметтік хал-ахуалында, тұрмыс-тіршілігінде, өнердің алатын орны ерекше. Ал оның үлкен бір саласы-қазақ халқының ән-күй өнері болса, сол саланың айтулы алыптарының бірі ұлы Дина-шешей 150 жасқа келіп отыр. Оның ұлылығының бір көрінісі, ұлы ұстазы Құрманғазы өзінің қара домбырасын 300 күй тартқан Е.Ещановқа да, М.Сүлейменовке де, домбырасының ызыңын, түн ұйықтаса түсіне кіргізіп, құлағынан кетпес қылып, біз біліп, көзін көрген Қалиды тәрбиелеген күй майталманы Мәменге де, т.б. тапсырмай, Динаға табыс етуі біраз нәрсені аңғартса керек. Құрекеннің: «Екеуміздің оң қол мен сол қолымызды ауыстырсақ бізден асқан домбырашы болмас еді», деуі де айтқанымызды

айқындай түседі. Енді бірде тарихтың тоңынан ұстазы шәкіртінің алдында күйден тосылды деген дерек табылып жатса, ол да таң қаларлық жағдай емес. Өйткені, мұндай жағдайлар ән-күй, айтыс өнерінде, олардың бірқакпай сөздерінде көптеп кездеседі. Мысалы: Тәттімбеттің Малғарадан, Кененнің Ләтипадан, Бала Ораздың Жібектерден жеңіле жаздауы, міне осының дәлелі.

«Екі иығына екі кісі мінгендей», деп Ақан келтіретіндей Дина-шешей табиғатынан қалай алапат күш иесі болса, тап солай, қазақтың дәстүрлі күйшілік өнерінде де теңдесі жоқ тегеурінді өнер иесі болды. Халық арасында да айтқанымызға айғақ болардай аңыз әңгімелер де, мысалдар да көптеп кездеседі. Айталық, «қораға түскен ұрылардан кек алмақ мақсатында, жалғыз өзі атқа қонған ол, жауларын баудай түсіріп, енді соңғысына ұмтыла бергенде қолаң шашы қобырап иығына түскенде ғана жәбірлеуші жақ кім екенін танып масқарасы шығып, айдаған малын қайтарып, ат-шапан айыптарын төлейді. Енді бірде замандас өнерлес құрдасы Сейтек аттың үстінде шалқая түсіп, ойын-қалжың болса да, шешейдің бағытына қарай ұнамсыздау сөздер айтса керек. Шешей ойланбастан өзіне ғана жарасымды «тұзды-тұзды» сөздерді айтып, тұра ұмтылып, қарсыласын атынан жұлып алып тізесіне басып, «ойнап сөйлесең де, ойлап сөйлеге» келтіреді. Ал Сейтек болса Сахалин аралында айдауда болып, алапат күш-қайраты мен жігерінің арқасында елге аман-есен оралғаны тарихтан белгілі. Сейтек туралы толық таныспақ болам деушілер, профессор Т. Мерғалиевтың Алматы «Ғылым» баспасынан шыққан «Жаңа дәуір жыршысы» атты монографиялық еңбегінен оқуға болады: еркекше киініп, той-томалақтарда талай күреске шығып, мен деген жігіттерді шаң қаптырғаны да белгілі. Күйшінің әкесі Кенже болса, небір асаудың құйрық жалына қолы тисе, құрықсыз табандата тұрғызатын күш иесі болған. Сонымен қатар Кенже елге сыйлы болып, Құрманғазы, Төремұрат сынды батырлармен де т.б. ел азаматтарымен араласта болғаны туралы деректер жеткілікті. Дина-шешейдің ағыл-тегіл күш-қайрат иесі болуы, әкесі Кенжеден дарыған деседі». Қ. Мұхитов: «Концерттерде, шешемізді сахнада орындықтың биіктігіндей қылып жайылған, 7-8 қабат көрпенің үстіне қолынан демеп, шығарып салушы едік» дейтін. Мұндай деректер академик А.Қ. Жұбановтың, еңбектерінде айтылады, сондай-ақ профессорлар: Қ. Мұхитов пен Т. Мерғалиев жазбаша да, ауызша да бүгінгі ұрпаққа қалдырып кеткен болатын.

Күй өнерінен шешейдің бәйге бермес боларына бірден-бір айқын айғақ пен ақиқат, ескіден қалған бұлтартпас белгі, оның ұнтаспада, күйтабакта қалдырып кеткен «ӨЗІНІҢ» орындауындағы күйлер үлгісі болып табылады.

Күй атасы Құрманғазыдан бастап ұлы күйшілердің мұралары, халық күйлері, ән мұралары еуропа үлгісінде жазылып жатқан шығармаларда сол өнер алыптарының аты аталмай тек шикізат ретінде пайдаланып, талан-таражға түсіп жатқаны туралы А. Жұбановтың қынжыла айтқаны белгілі. Керісінше Дина шешейдің бірде-бір күйі осындай талапайға түспегенін тарихтан білгілі. Өйткені, оның шығармашылығы мен орындаушылық өнері бізге белгілі үйреншікті үлгілерден мүлдем басқа, тек қана өзіне тән өнер болатын. Ақан басқарған оркестрде ғана, оның өзінде: «Әсем қоңыр», «Тойбастар», «16 жыл», сияқты санаулы күйлері ғана орындалды. Бұл да, Дина шешейдің ұлылығының

бір көрінісі деп түсінген жөн. Жоғарыда, келтірілген пікірлер, яғни күй өнерін тереңдей зерттеген ағаларымыздың айтқандары жалпы Динатануда шешемізге берген бірден-бір әділ баға болмақ.

Осы күнге дейін оның күйлері «қалпақпен қағып алам» деушілерге қақтырмай, ауыздыға алдырмай, аяқтыға шалдырмай, орындаушылық өнерде, педагогикалық салада **«атақтылықтың жанжақты тәсілдерімен қаруланған небір мамандарға», «дүлдүл орындаушыларға»** еместерге әсіресе **«өзімшілдерге»** ауыздықтатпай келе жатуының терең сыры мен себебі сол ұлылықтың негізгі көрінісі. Басқа да, толып жатқан себептер жоқ емес, ол болса келешекте толғауы толып уақыты келгенде айтылады.

Ұлы ойшылдарға, күйшілерге тән Күй-ананың өзінің шығармашылық, орындаушылық жолында оның: күй шығару, орындау әдісін, әдістемесін, әдіснамасын халықтық ұғымда дала академиясын толық меңгерген тұлға деп қана тану керек.

Дина өнерінің зерттелуі 1937 жылдан Алматыға келу кезеңінен бастау алады. Ғалымдардың ішінде алғаш болып, күйші туралы толымды еңбек жазған белгілі ғалым, композитор, дирижер, академик А.Қ. Жұбановты атаймыз. Ол туралы ғалымның: «Қазақтың халық композиторлары», «Ғасырлар пернесі», «Құрманғазы», «Ән-күй сапары», «Өскен өнер» т.б. еңбектерінен табамыз. Динаның Мәскеуде, Ташкентте өткен он-күндіктерге қатысқаны туралы, естеліктер музыка сыншыларының баспа беттерінде таңдай қағып тамсанып жазған мақалалар оқушыны бей-жай қалдырмайды. Ал Ғ.Н. Бисенова Дина туралы еңбек жазып, кандидаттық диссертациясын қорғады. Ө. Байділдаевтің тереңде тағлымды радиохабарлары, профессор П. Шегебаевтың ғылыми еңбегі, ҚР Халық әртісі, мемлекеттік сыйлықтың иегері, профессор, Қ.Ахмедияровтың «Өсем қоңыр» атты т.б. туындылары атақты күйшінің мұрасын насихаттауға қосылған сүбелі дүниелер.

Оның орындаушылық өнерін жалғастырушы шәкірттері: Ғ. Әлжанов, Р. Омаров, Ө. Өтеғұлов, кейінгі толқын насихаттаушылар: ҚР Еңбек сіңірген әртісі, профессор Б. Қарабалина Р. Ғабдиев, С. Жалмышев, Қ. Ахмедияров, А. Жайымов, Р. Айдарбаева, О. Дүйсен, Т. Алипбаев, А. Үлкенбаева т.б. жемісті жалғастырды, және жалғастырып келеді. Динаның орындаушылық мұрасын жалғастырушылары туралы, олардың шешейдің күйлерін «бірсы-дырғы» тартып шықсақ ұқсаймыз деуі туралы, академик А.Қ. Жұбановтың сол кездегі айтқан сын пікірлері осы күнге дейін өзінің өзектілігімен ерекшеленеді.

Жасыратын несі бар, халық музыкасын насихаттауда, зерттеуде, еуропаның музыка үлгісі – негізгі жетілген музыка ретінде өлшем болып, осындай бағыт ұсынылуы салдарынан, халық шығармашылығы, өз жерінде «аборигендердің» музыкасы болып шыға келгені туралы көрнекті ғалым А. Сейдімбек ағамыз өзінің еңбектерінде айтқан. Орындаушылық өнерде, тіпті күй саласы мамандарының арасында да, Динаның орындаушылық мәнері мен күй шығару тәсілі оғаштау көрінді. Автордың өз орындауындағы күйлерде шикілік бар деп табылып, тап сол күйінде орындауға келмейді деген теріс пікірмен оны «дамытып», «редакциялап, «цивилизациялап», орындау керек деген қате ұғым қалыптасты, ал мұның өзі оның күйлерін автордың өз орындауында сақталып,

бізге жеткеннің өзінде, оларды таза түпнұсқа түрінде насихаттауға біраз кедергілер келтірді. Бұл індет тек Дина шығармашылығына байланысты бас ауруы емес, ол сонау күй атасы атанған Құрманғазыдан бастап, жалпы халық күйшілері шығармашылығы мен орындаушылығы саласындағы қасырет десе де болады.

Тарихта, А.Жұбановтың айтуынша, Д. Нұрпейісованың орындау шеберлігіне байланысты оның қолының тентектігі туралы айтылады. Орындаушылық өнерде оң қол мен сол қолдың дыбысқа әсері мол. Бірақ оны күйдің өзіне дәстүріне сәйкес пайдалана білген жөн. Ал оның сәйкес, сәйкес еместігін «нені?» «калай?» тартады емес. Ол болса «КІМ» тартадыға байланысты. Оны біз – «индивидуальность» дейміз. Халық шығармашылығында сонау Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбеттерден бастап, «индивидуальность», деп Динаны, Әбікенді, Қалилардың өздерін, және олардың орындау үлгілерін жатқызар едік. Осылардың ішінде әңгіменің арқауы болып отырған Дина-шешейдің өнері өз алдына бір төбе. Бұларды, орындаушылық шеберліктің ең шыңына шыққан тұлғалар деп танымыз. Дина-шешей болса, орындаушылықтың да, шығармашылықтың да, шыңына шығып, аталмыштардың алдында тұрады деуіміз, артық айтқандық бола қоймас. Ал олардың өнері болса, көпшілік домбырашы қауымға, қол жетпес арман болып қала бермек.

Өнердің түрлерін, оның орындау үлгілерін бұлармен салыстыра келіп мөлшерлегенде, айтқан пікірлеріміз айқындала түседі, көрінеді, естіледі, тіпті бұлардың қатарына, сапқа тұрғызып қойып, тізетін теңдестері жоқ десе де болады. Сондықтан да Дина сынды күй алпауытының мұрасын дұрыс ұғынып, дәріптеу заманы алдымызда демекпіз.

Қорыта келе Ақаңның сөзімен айтқанда: «Бірақ терең қараған кісіге қазақтың аспапты музыкасының тарихында үлкен әлі үңіле түсуді тілейтін мәселе жатыр». Келешекте сол үңіле түсуді қажет ететін нысананың бірі Дина-шешейдің өнері болмақ.

*Егемен Қазақстан,
10 наурыз, 2011*

ЕЛЕНБЕЙ КЕЛГЕН БІР ЕСІМ

Орынбай ДҮЙСЕН
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры

Кейінгі өсіп келе жатқан жас буыннан Гүлжаһан Ғалиева деген кісі кім деп сұрап көріңізші, біле ме екен? Қазақтың аяулы бір қызының атында не көшенің, не бірде-бір мәдениет ошағының болмауы неліктен? Қасиетті қазақтың қара сөзінің құдіретіне табынбау мүмкін емес қой. Қазақта «сөз сүйектен өтеді» деген нақыл бар. Осы тәмсілден тәлім түйсек, бір ауыз сөзді қадірлеген халықтың мұны ықылым заманнан басты құндылығы ретінде құрмет тұта

білгенін бағамдауға болады. Иә, сөз арқылы біз бір-бірімізді ұғынысып, ойымызды жеткізіп, пікір алмасамыз. Адамзат атаулы қай кезде де өзінің ұшқыр қиялын, ой-арманын, тілек-мақсатын, көңіліндегі көкейкесті құпия сырларын, қуанышы мен ренішін, күйініші мен сүйінішін сөз байлығы арқылы жеткізіп отырған. Сондықтан да болар халық даналығының: «Өнер алды – қызыл тіл» дейтіні. Қазақ халқы тілдің қадір-қасиетін барынша бағалай білгеннен де, «Түмен сөздің түйінін, Бір сөзбен келтір иінін», «Өнерпаз болсаң арқалан» деп, мақалдаған. Тіл арқылы, сөз арқылы халқымыздың сан-салалы асыл мұралары бүгінгі заманға дінаман жетіп, рухани азығына айналуда. Олар: халық ауыз әдебиеті, авторлық әдебиет, даналық, шешендік сөздер, қисса-дастандар, эпостар, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары, толғаулар, арнаулар, өлеңдер, мақал-мәтелдер т.б.. Демек, поэзия, проза жанрлары салаларының барлығы дерлік халық шығармашылығында орын алады. Бұлардың халық арасына кең тарауына біріншіден, автордың өзі себепші болса, екіншіден, қалың бұқара қауымның арасынан шыққан әншілер, ақын-жыраулар, ауылдың алты ауыз өнерпаздары барынша үлес қосқан.

Көрнекі өнердің күрделісі де, көріктісі де – сөз өнері. Ендігі жерде әңгіме кәсіби тұрғыда «көркем сөз жанры» өнерінің негізін қалаушы, оның көрнекті уәкілі, көркем сөздің шебері ҚР халық әртісі Гүлжаһан Ғалиева (Қалиева) апайымыз туралы болмақ.

Балалық шақ... Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының екінші жартысында Батыс Қазақстан облысының орталығы Оралға, Алматыдан гастрольдік сапармен сол кездің өзінде атақты «Гүлдер» ән-би жастар ансамблі келе жатыр деген хабар халықты дүр сілкіндірді. Мұндай уақиға облыс көлемінде айтарлықтай жаңалық болды. Аудан орталығы Шыңғырлау Орал қаласынан 250 шақырым болса, шалғай жатқан шаруашылықтар тоғыз жол торабынан да алыс, аудан арқылы жол аралығы кем дегенде 370 шақырым болатын. Осы хабарды естіген біздің ауданның жұртшылығы тайлы-тұяғы қалмай, тайға таласып мінгескендей, жолдағы көлікке іліккендері жол шалғайлығына қарамастан Орал қаласын бетке алып, ағылды-ай кеп. Бұл көрініс республика мәдениет саласындағы ерекше есте қалатын құбылыс-тын. Қалаға барып концерт тамашалап келгендердің айтуынша, мұндағы сол кереметтер бейне бір аңыз-ертегі болып көрінетін. Айтушылар жағы ерен еңбек тындырып келгендей марқаятын. Білмекке біз әлгілерге құлақ тосып әуреміз. Сондағы естігендеріміз көргендердің әсерінен асып түсіп жататын. Өнер шарасын тамашалаған адам бақытты еді. Сөйтсек, кейін ести келе олардың 1965 жылы Алматыда «Қазақконцерт» бірлестігінің жанынан Қазақ КСР халық әртісі Гүлжаһан Ғалиеваның басшылық етуімен тұңғыш рет ашылған республикалық эстрада және цирк өнері студиясының түлектері екенін білдік. Біраз жылдардан кейін өзім де осы оқу орнының түлегі атанатыным тіпті үш ұйықтасам түсіме кірмеген. Бірақ сол кездегі Алматыға барып келіп, болмаса оқып жүрген аға буын ауылдастарымыздың айтуларына қарағанда, Алматы шынында да әлемнің жеті ғаламатының бірі «Аспалы бақтай» болып көрінетін. Балауса балғын жастағы біздер болсақ соны елти тыңдап, кәдімгідей қиялға құлаш ұратынбыз. Әсіресе, әсіре әңгімешілердің «көшеде келе жатып, алманы үзіп ал да, ауызына

салып жүре бер», деп қиынын қиыстырып айтулары таңғалдыратын. Алпысыншы жылдардың аяғында ауылдас апамыз Қалампыр Рақымованың осы оқу орнына түсуі қиялымызға жан бітіріп, одан бетер қанаттандыра түсті. Ойымның іске асып, арманымның орындалар сәтінде келіп жетті.

Бұл 1973 жылдың жазы болатын. Еліміздің жер-жерлерінен арман іздеп, өнерге қанат қаққан жастар Красин көшесі 78-де орналасқан республикалық эстрада және цирк өнері студиясында бас қостық. Алдымыздан орта жас шама-сындағы, мойылдай қап-қара шашын төбесіне түйіп, келісті киінген, жүзі жылы шырайлы, сымбаты өзгелерден бөлек қараторы апай шыққаны есімде. Оқып жүргенде аға-апаларымыздың: «Алматыдағы әдемі арулардың бірі Шара болса, екіншісі Гүлжаһан апамыз еді», дегендерін өз басым талай рет естігенмін. Өлгі кісі сызылтып, небір сикырлы әуезді үнімен жиналғандарды баурап та, жаулап та алды. Қазақстанның халық әртісі, атышулы республикалық эстрада және цирк өнері студиясының тұңғыш ұйымдастырушысы, директоры көркем сөздің шебері Гүлжаһан Ғалиева апамызбен танысуымыз осылай басталған еді.

Сондағы бізге айтқан алғашқы әңгімесі былай басталды: «Шырақтарым, балаларым, біздің оқу орнына қош келдіңдер! Мұнда бар-жоғы екі-ақ жыл оқисыңдар. Алдарыңызда осы студияны оқып бітіріп кеткен аға-апаларың сияқты сендер де белгілі адамдар боласыздар», дегені. Олай дейтін себебі де, жоқ емес-тін. Өйткені, өзі құрған «Гүлдер» ансамблінің мүшелері бұл кезде республика көлемінде өз өнерлерін кеңінен паш етіп, халықтың қошеметіне бөленіп үлгерген еді. Ол кезде Алматыда П.И. Чайковский атындағы колледж (оқу мерзімі 4 жыл), консерваторияның екі жылдық дайындық курсы бар-тұғын. Сөйтіп, Гүлжаһан апайдың үгіт-насихатының арқасында қалаға келген жастар студияның су жаңа студенті болып шыға келдік. Алғаш ашылғанда оқу орнының алдындағы негізгі мақсат облыстық филармонияларға, Алматы концерттік ұжымдарына жеке-солистер даярлау болса, бұл міндетті мұндағылар толығымен абыроймен атқарды дей аламыз. Екі жылдың ішінде мамандықтың қай саласында болсын әжептәуір ауызға ілігетін орындаушылық деңгейге жету оңай шаруа емес екені белгілі. Алайда, мұндай жетістіктерге Гүлжаһан апай бастаған аға-апаларымыздың арқасында жеткенімізді ешқашан естен шығарған емеспіз. Бүгінгі ұрпақ алдында бір кездері біздерге тәлім-тәрбие берген Қазақ КСР халық әртістері Ж. Елебеков, Ғ. Құрманғалиев, профессорлар Б. Жылысбаев, Қ. Мұхитов, Х. Тастанов, К. Кенжетәев, Н. Шәріпова, С. Шәріпов, Н. Темірханова, Н. Навроцкая, т.б. есімдерін мақтан тұтудан талған емеспіз. Оқу мекемесінің қысқа мерзім ішінде айтарлықтай табысқа жетуі аталмыш абзал жандардың арқасында болатын. Өйткені, бұлардың барлығы дерлік консерваторияда, театрда, одан қалса, белгілі концерттік бірлестіктерде, жоғары кәсіби деңгейде істейтін шебер мамандар болатын. Олар домбыра, дәстүрлі ән, би, вокал, цирк өнері, көркем сөз жанры сияқты пәндерден сабақ алды. 1965 жылдан бастап аталмыш оқу орны көптеген сахна шеберлерін даярлады. Олардың арасында халқымызға белгілі: Г. Талпақова, Ә. Еңкебаев, Қ. Байбосынов, Ж. Кәрменов, Қ. Бекбосынов, Қ. Рахимова, Р. Тәжібаев, т.б. есімдер бар. Осы мамандықтар бойынша 1973-1975 жылдары оқыған менің замандастарымның көбі бүгінде елімізге танымал өнер иелері. Олардың

қатарында М. Мұкаманов, Ғ. Мұхамедин, Т. Рахимов, Ә. Сәрсенбаев, М. Отарбаев, Х. Төпеев, Қ. Именов, Б. Құрманғожаев, Қадыр, Торғын Қашқабаевтар, Б. Сазабеков, К. Байғараев, Б. Самединова, М. Омарова Д. Айманов сияқты т.б. кейінгі толқын жастармен ұзаратын тізімді шұбырта жалғастыра беруіме болады.

Гүлжаһан Ғалиқызының өз жұмысына берілгендігі соншалық түлектерінің барлығын қамқор қанатының астына алып жүретін. Сондай түлектердің бірі мен едім. Оқуды бітіргенде маған апайдың: «Алматыда қалдырып, қалаған концерттік бірлестікке жеке орындаушы (солист) етіп орналастырамын, осы жылы үйді де алып беруге көмегімді аяп қалмаймын, әзірге бірақ тек маған оқуымды әрі қарай жалғастырам дегенді айтпа», дегені аналық мейіріммен тең сүйіспеншілігі болатын. осы ойды менің жетекшім, профессор Қ.Мұхитовқа да айтып, қолқа салған көрінеді. Міне, сол жылдардан бері арада зулап қаншама жылдар өтіпті. Бүгінде өзіміз де алдымыздан сандаған шәкірт ұшырып отырған ұстазға айналдық. Ес біліп, етек жапқан іргелі ел болғанымызға жиырма жылдан асып барады. Қазақ халқы өмірінің тал бесіктен жер бесікке дейінгі кезеңін қашанда таразылап, кешегісі мен бүгінгісін бажайлап отыратын ежелден даналығымен дараланған ел екенін тарихтан білеміз. Бүгінгі ұрпақ көңіл көншітер не бар деп сұрай қалса, әрине, шүкіршілік етер жайымыз мол шығар. Алайда адамзат баласының өмірінде қуанышымен қоса, көңілге кірбің түсірер жәйттер де кездеспей тұрмайды. Ол да бір өмірдің заңдылығы болып есептелсе керек. Еліне еңбек етіп, келер ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, өнерге баулыған ұстаздар өмірінің кейбір тұстары аталып жатқанмен, ал енді кейбіреулерінің жасаған қыруар еңбегін уақыттың көшкін құмы жауып қалып жататыны жанға батады. Аты-жөндері көп ауызға ілікпей, тасада қалып қойғандай сезіледі. Халқының өнері мен мәдениеті үшін төккен тері, еңбегі лайықты бағасын алып үлгермеген тәрізденеді. Тіршілік болған соң, түрлі жағдайлар орын алып жатады ғой. Кей тұлғалардың өздері дүниеден озғанмен артындағы іздеушілерінің арқасында жиі-жиі есімдері еске алынып жататыны тағы шындық. Олардың аты көшеге, мектепке, мәдениет ошақтарына берілуі сол кісіні халқының ардақтауы іспетті көрінеді. Ұлан-асыр дүркіретіп той өткізеді. Осындайда біздер ұстаздарымыздың алдындағы парызымызды өтей алдық па деген ойға қаламыз. Парыз ғана емес, мұны тіпті әрбіріміздің қарызымыз десек, артық айтқандық бола қоймас. Еңсені зіл батпан ой қайыстырғанда, қайран ағалар-ай, қайран апалар-ай, деп сен үшін өмірін аямаған аяулы жандар бейнесіне сабырсыз үңілуге тура келеді. Солардың еңбегі тиісті дәрежеде аталса деген ниетпен қолыма әдейі қалам алдым. Гүлжаһан апамыз осындай елі қанша құрмет көрсетсе де көптік етпейтін ерекше жан. Бір кездергі елінің еркесі, бүгінде туған жұрты еңбегіне, аруағына тағзым етуге тиіс сол апамыздың есімін неге жоғары көтере алмағанбыз деп ойланамын кейде.

Әкесі нәубет заманында еліне қайырымдылық жасауымен есте қалған, кейін сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған, ал өзі жастайынан жетімдіктің тақсіретін тартып өскен, бірақ та тектілігінің арқасында, сонау Мәскеудегі ГИТИС-ті оқып бітірген әзіз жанды қалай әспеттесек те жарасатын жақсы істері

өте көп. Тұлпардың тұяғындай, алтынның сынығындай Гүлжаһан апамыздың өмірдегі, өнердегі тағдыры әлі талай арналы әңгімеге арқау бола береріне сенемін. Мен сол бұлақ ойдың көзін түртіп ашуды ғана ойладым. Өзі талай сүйсінген Алатауының етегіндегі сыңырлаған сырлы саздың сиқыры толық ашылмағанмен, тұлғаның өзіне лайық тұғырын іздеуге талпындым.

Еліміздегі көптеген мәдениет ошақтары мен өнер ұжымдарының құрылу тарихы тікелей осы кісінің еңбегімен байланыстырылады. Нақтылап айтсақ, Гүлжаһан апамыздың мұрындық болуымен 1965 жылы Республикалық эстрада және цирк өнері студиясы, 1969 жылы «Гүлдер» ән-би жастар ансамблі, 1970 жылы Алматы мемлекеттік циркі ашылса, Қазақстан көлемінде облыс филармонияларына «көркем сөз шеберлігі жанры» бойынша мамандар даярлауға да алғаш себепші болған осы тұлға. Халқының рухани игілігіне осыншама қыруар мұра қалдырған есімнің санадан біртіндеп көмескі тарта бастауы елдігіміз бен кендігімізге нұқсан келтіретін мін деп есептейміз. Сол себепті жоғымызды тауып, барымызды бағалап жатқан Тәуелсіздігіміздің беле-сінде өнерге өмірін арнаған мұндай тағдырларға тағзым етіп, таудай тұлғасын биіктетер болсақ, мұның кейінгі өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ үшін де үлкен өнеге мектебі болары хақ.

Қазақстанның халық әртісі Гүлжаһан Ғалиеваның есімін ұлықтау мақсатында Ж.Елебеков атындағы өнер колледжінде «көркем сөз оқу шеберлігі жанры» бойынша Г. Ғалиеваның класы қалпына келтірілсе, оның атындағы республикалық көркем сөз оқу шеберлерінің байқауы ұйымдастырылса, ҚазҰӨУ-де «Көркем сөз шеберлігі жанры» бойынша Г. Ғалиеваның класы ашылса, Алматыдағы Достық даңғылындағы «Үш алып» аталатын Г. Ғалиеваның тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатылса, күннен күнге рухани сәулеті асқақтай түскен елордамыздағы бір көшеге, жаңадан бой көтерген өнер ошақтарының, болмаса концерттік ұжымардың біріне есімі берілсе, «Көркем сөз оқу шеберлігі» жанры бойынша Г. Ғалиеваның шығармашылық кештері өтіп, оның өмірі мен өнері жайында естелік кітаптар жарық көрсе қандай ғанибет болар еді. Алматы мемлекеттік «Гүлдер» ән-би ансамблі Қазақ КСР халық әртісі Г. Ғалиеваның есіміне сұранып-ақ тұрғандай. Тұрпаты тұнық тұлғаға деген бұл халқының тұрғызған рухани ескерткіші һәм бәріміздің парызымыз бен қарызымыздың өтелгені болар еді.

*Егемен Қазақстан
11 қыркүйек, 2012*

АҚ ЖАЙЫҚ, БҰЙРА ТОЛҚЫН...

Орынбай ДҮЙСЕН

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры

Адамзат жаратылысында жүз, мыңжылдықта дүниеге келетін ерекше тұлғалар болады. Әйгілі әнші, Қазақстанның халық артисі Ғарифолла Құрманғалиевтің есімі осындай сирек кездесетін дарындардың қатарынан ойып тұрып орын алары хақ. Орынбай Дүйсеннің ұстазы жайлы естелігі оқырман қауымды бей-жай қалдырмайды.

1973 жылдың жазында, ағам Амантайдың ақыл-ықпалымен сол кездегі еліміздің астанасы Алматыға «Қазақконцерт» бірлестігі жанындағы республикалық эстрада және цирк өнер студиясына домбыра мамандығы класына оқуға тапсырдым. Сөйтіп, профессор Құбыш Мұхитовтың класына түстім. Шынын айту керек, алғаш ат басын тіреп, арқа сүйеп келген де, көрген де кісіміз осы Ғарекен болатын. Осылай өнер жолындағы алғашқы қадамым басталғаннан тәлім-тәрбие, білім берген Құбыш, Жүсіпбек, Ғарифолла, Сапарғали, Гүлжахан Ғалиқызы сықылды аға-апаларымыздың қымбат та, асыл бейнелері көңілімізден өшпейді. Оның ішінде әңгіменің арқауы болғалы отырған әнші Ғарифолла ағамыздың бейнесі ерекше. Жас кезімізде тумасақ та туғандай болып, өнерге, өмірге баулыған Ғарекеннің әкелік, Рабиға шешеміздің аналық мейірімін, шапағатын көрген біз оларды риясыз ықыласпен еске аламыз.

Елден өнер қуып келген жастардың ішінде ағамыз бен шешеміздің қолғабысы тимеген жандар жоқтың қасы шығар. Олардың алды қуанышын не ренішін білдіргенде «әлгі біздің сары бала» деп келетін, әңгіме нысаны Шамғон ағамыз да осы кісілердің қолдарында болып, еншісін алған жан. Рабиға шешеміз: «Әртістер үйі» деп аталатын Виноградов көшесіндегі үйінің ауласында мұржалы самауырынға ағаш салып, қазанға мол қылып бауырсақ пісіріп, сол кездегі консерватория студенттері Н. Меңдіғалиев, Б. Жұманиязов, М. Қойшыбаев, Х. Бөкеева, Ғ. Бисенова, тағы басқаларды «шайлап», жайлап жіберетінмін», - деп еске алатын.

Менің Алматыға келу арманымның арқауы болған тағы бір жан, ауылдас апамыз, марқұм, белгілі әнші Қалампыр Рахимова да осы шаңырақтың қамқорында болған.

Ғарекен: «Тоғыз жасымнан бастап Шайқы, Шынтасқа атқосшы болып, бүкіл Үш қиян, Атырау алқабы, Жайықтың сол жақжағалауы: Қаратөбе, Жымпиты, Шыңғырлау, Елек, Тайпақ, Ақ Жайық, Орал өңірі, Орынбор, Түзтөбе, Ақтөбе, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз, Атырау, Маңғыстау өлкелерінде «әнші бала» атандым. Аталмыш ағаларымыздың ат шылбырын ұстауға да жарап, қызды ауылға қырындап, қыз алып қашуға барған кездеріміз де болған», - дейтін.

Студент кезімізде дайындық жасауға Байзақов атындағы көшеге орналасқан жатақханадан (289-үй) сол кезде ағылып жататын нөмірі 3, 4, 5, 6-68

шы трамвайлармен Красин көшесіндегі 78-үйге ұстаздарымыздан бірер сағат бұрын келетінбіз. Олар келеді-ау деген шақта, есік алдына шығып, Жүсекең (Жүсіпбек), Ғарекен, Құбыш, Хабидолла ағалардың шәкірттері болып, күтіп тұратынбыз.

Бірінші кутың басып, қунақ, ширақ қимылмен, қуақыланған түрі, Ғарекен келеді. Уақыт таңғы 8-30. Балалармен амандасқаны да қызықтың шағын кішігірім «спектакльдің» қойылымындай болатын.

Біршама уақыт өткесін, иығына ашық сұр бешпетін іле салған бойы, маңғаз басып Жүсекең келетін. Ғарекен бұрылыстағы бірінші есік 17-ші, Жүсекең болса қарама-қарсы орналасқан 21-ші кластарына барып жұмыстарына кірісіп, сабақ арасы үзілістерде де жұбы жазылмай, бірге кіріп-шығып жүргендері, сырт көзге де, шәкірттері бізге де, өте жарасымды болып көрінетін. Айтайын дегеніміз, осы екі ән алыбының бір-біріне деген көңіл күйіне, ықыласына адам сүйсінерлік. Бұлардың басқалардан айырмашылығы, түріне (өнеріне) қарамай, туын тігерге тұғыр іздеп жүргендерге де, өнерді табыс көзі, атақ, мансап деп қарастыратын пиғылы өзгерген бүгінгілерге де, таза өнер жолына түскісі келетін келер ұрпаққа да үлгі тұтарлық шынайылығымен ерекшенелетін.

Бүгінгіні айтпағанда, Ғарекен сол кездің өзінде: «Құр айқаймен ақша тапқан «шикі» әншілер көбейіп барады-ау!» деп қынжыла күрсінетіні әлі есімде. Алайда әншінің жолын қуған кейінгі толқын Сәуле, Айгүл, Қайрат сықылды өнерпаздардың салған әндерін тындап, ән мұрасы жалғасын табуда деп, шүкіршілік етіп, кейінгіге де сенім артқымыз келеді.

1979 жылдың күзі. Күз болса да Алматының үйреншікті, естен кетпес, жаймашуақ жылы күндерінің бірі. Ол кезде Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның II курс студентімін. Бір күні Ғарекен: «Менімен бір айға, 70 жылдық мерейтойымды өткізуге Орал өңіріне барасың» дегені. Сөйтіп, ол мені сол кездегі консерватория ректоры, профессор Ғазиза Жұбановаға ертіп әкеліп, сабақтан сұрап алды.

Сапарға шығардың алдында театрда күнде репетиция болады. Әсіресе, сахнаға шығу мәдениетіне қатты көңіл бөлінетін, ән мен күйдің орындалу сапасы өз алдына. Ойынан шықпай қалған жағдайда, әсіресе, жастар жағын сахнаның орта жолынан: «сахнаға шығуың мен кетуің орындалатын ән мен күйдің мазмұнына сәйкес болу керек, нөмірің жоқ», - деп кері қайтарып, қайта-қайта шығаратын.

Сонымен гастрольге шығатын кез келіп, №8 Алматы-Мәскеу жүйрік пойызымен жүріп те кеттік. Бір сәтте пойыз Елек стансасынан өтіп, менің ауылымның аудан орталығы Шыңғырлауға, Елек өзенінен өтердегі көпірге жақындай берді. Мен тамбурға шығып, бала кезімнен таныс жерлердің кедір-бұдырын тамашалап тұрмын. Ал туған ауылым болса «Алмаз» кеңшары. Бұл елді мекен Қаратөбе ауданымен шекаралас жатыр. Әкеміздің Қаратал жайлауы Қалдығайты өзенінің бергі беті болса, арғы бетінде, қол созымдай жерде Қаратөбе ауданының Егіндікөл елді мекені көрініп тұр. Балалық шақ өткен ыстық жерлер... Кенет Ғарекен қасымнан: «Әй бала!» деді. Селт ете түскен маған: «Ел-жұрттың ыстығы қалай екен? Сағындың ба?» - дегені. «Иә» дедім,

ұрлығымның үстінен түскендей ыңғайсызданған мен. «Ол солай болады»... - деді ол. Сөйтсе, бұл жерлер өзіне де Орал, Орынбор, Тұзтөбе, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Алматы бағытында өнерінің арқасында ерсілі-қарсылы кешіп жүрген кезеңдерін еске түсіріп, көңілі менен де бетер қобалжулы болса керек. Ғарифолла ағамыздың 60 жылдығында да (1969 ж.) осы бағытпен жүріп, сол сапарында ол белгілі әнші, ауылдас апамыз Қалампыр Рахимованы өзімен бірге өнерге баулуға Алматыға алып кеткен болатын.

Орал қаласына жеттік. Уақыт түс мезгілі болса керек. Обкомның хатшылары қарсы алып, «Шаған» резиденциясында қонақасы беріліп, Қаратөбе ауданына жүріп те кеттік.

Концерттік бағдарлама картасы бойынша Қаратөбе, Жымпиты, Ақжайық, Тайпак, Атырау облысының Индер ауданымен шекаралас елді мекендер қамтылған болатын. Әнші бастаған топ Қаратөбеге келді дегенді естіп, Ойыл ауданының хатшысы «Волга» машинасымен жетіп келіп, алып кетемнің астына алмасы бар ма. Себебі бұл өңір Ғарекеннің жастық шағы өткен және оның өнерін ыстық ықыласпен тыңдап, үкілеген өңірге жатады. Әншіге деген ерекше ықыластың сыры да осында жатса керек.

Той әншінің елі Орал өңірінде бір ай үлкен сән-салтанатпен, «30 күн ойын, 40 күн тойы» дегендей әсермен өтті десек, еш артық емес. Әншінің әрбір концерті қыран-топан болған тыңдаушылардың, айғай-шуға ұласқан овациясымен өтетін. Ағамыз бір концерттің өзінде 17-18 ән шырқайтын. Осындайда біріншісін орындап, екіншісін қорлап, үшіншісін зорлап, не әндерін, не күйлерін өткізе алмай өзін де, тыңдаушыларын да, әуре-сарсаңға салатын кейбіреулер еске түсіп, зығырданың қайнайды. Ғарифолла ағамыздың репертуары да сан алуан болатын. Концерттен кейін жергілікті биліктің банкеті, одан кейін, ерекше «ілтипат» көрсетіліп, басшылардың айтуынша «жатып ішетін жерге» барып, таң бозарғанша ән айтып, күй тыңдау тағы бар. Мұндай жол ауыртпалығы мен күн тәртібін көрмеген біздер көпке дейін үйрене алмай, делсал болып жүрдік.

Кейбір елді мекендерде концерттік залдар бола бермейтіні белгілі, болғанның өзінде шағын. Мұндай жағдайда концерт далада, ашық аспан астында, екі «ГАЗ-51» машинасын қатар қойып, үстін палаткамен жауып сахна қылатын. Жаңбырлы күндердің өзінде концерттің болмай қалғаны жоқ. Тыңдаушының ықыласы сондай, жаңбырдың астында қалса да, тырп етпей аяғына дейін тындайды, оның үстіне көрермендердің «бис-бистаған» қошеметі тағы бар. Бұл болса елінің әншісіне, оның өнеріне деген сүйіспеншілігінен туса керек. Осылай Орал өңіріндегі концерттер табысты өтіп, Алматыға да оралдық.

Біраз тыныққаннан кейін Атырауға сапарладық. Атыраудың Теңіз ауданын түгелдей араладық. Осының алдында Ғарекен: «Әй, бала! Бұл жақтың халқы өнерді ерекше қабылдайды» деген-ді. Көрермендердің ішінде, қатарлары санаулы болса да, жастары қарайлас әншінің замандастары, айтылып жатқан әндерді тыңдай келе, қызбаланып елірген жақ: «Әй! Ғарипола! Көзіңді ақитыңқыра! Ақитыңқыра, Ғарипола!» - деп қыза келе, үстін көк, қызылды-жасылды, бархатпен, плюшпен көмкерген дөңгелек бөріктерін бастарынан

жұлып алып, бар пәрменімен жайғасып отырған жердің еденіне немесе жеріне бір ұрып, шаңын бұрқ еткізетін.

Оқып жүрген кездері үйінде және гастрольде тыныққанда, қолымыз бастау кездері ағамыз естелік әңгімелер айтатын.

Бірде ол: «Орынборда дін оқуын оқып, діни төрт кітапты бітіріп шықтым. Жоғары діни білімім бар» - деген еді. Арасында дауысқа салып, сирек болса да, сүрелерден үзінді оқитын.

Театр спектакльдерінде Ғарекеннің домбыра сүйемелдеуімен жеке партиялары болғаны белгілі. Шығардың алдында өзінің дауысына лайықтап, баптап, келтіріп қойса, біреулер көзін ала беріп, білдірмей «ля» бұрауына, бір тон жоғары келтіріп қойып, спектакльден кейін «Ғареке, қалай болды»? - деп сұрайтын көрінеді. Сонда Ғарекен: «Білмеймін, кішкене қаттылау болды ма» - деп, жаңағы партияларын жоғары бұрауда айтып шығатын көрінеді. Оны студияда оқып жүрген кезімізде ағамыздың домбырасының «құлағын келтірушілердің» бірі марқұм Кәукен ағамыз да айтып, есіне алып отыратын.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары белгілі мемлекет қайраткерлері және бір топ өнер адамдары басқосып, ән-күй, жыр тыңдайтын көрінеді. Сондай басқосулар туралы сыр шерткенде Әміренің әншілігін айта келе, оның дауысы туралы Ғарекен: «Әміре Францияға барып келгеннен кейін НКВД қызметкерлері соңына түсіп, кейбір замандастарының өзі, сап-сау келе жатқан әншіні нұсқап тұрып, «Әміре жынды келе жатыр, арақ сұрайды, есіктеріңді жауып алыңдар», - дейтін көрінеді. Осындай жағдайға тап болған әнші, шынында да «ұрттаңқырап» қоятын кездері болыпты. Соңына түсу толастамай, Әміре қажып, шаршаңқырап, денсаулығы нашарлай түсіп, әне-міне деп жүргеннің өзінде оның алған жоғарғы дауысын әрең дегенде алатынмын», - деп замандасын шын көңілімен, ағынан жарыла еске алатын.

Қазақта әртүрлі жиын-отырыстарда, той-томалақтарда үлкенді-кішілі боп, «Сәкеннің сұлулығын берсін» деп бата беріп жатады. Бүгінгі ұрпақ оның түрсіпатын тек сурет арқылы ғана болжамдауы мүмкін. Оның серілігін, сұлулығын көрген Ғарекен былай дейді:

– Табиғатынан Сәкеннің жаратылысы мен сұлулығы ерекше болатын. Оның жүріс-тұрысы, киім киісі ешкімге ұқсамайтын. Сәкен не кісе елдің бәрі шабылып жүріп соны алып киетін. Ол ақ плащты сол қолына тастай салып, оның үстіне тросын, ал саусағының ұшымен шляпасын ұстап, аяғындағы лактелген туфлиін бархат шүберекпен әлсін-әлсін сүртіп жылтыратып қоятын көрінеді. Сол күйінде Алматының ұзына бойы, төмен немесе жоғары кететін көшесін бойлай, жан-жағына, алды-артына бұрылмастан, кербез жүріспен өте шыққанда, қыз-келішектер үйлерінің терезелерін айқара ашып, жаңағы көріністі тамашалайтын. Біз болсақ Сәкен алған киімді қалайда қолға түсіріп, киіп, әуре-сарсаңға түсуші ек. Түр-сипатымыз, мәз болмаса да».

Бірде Ғарекеннің үйінде Рабиға шешеміздің қолынан шай ішіп отырған болатынбыз. Көзім қызылды-сары «Украина-250» деген жазуы бар қаңылтыр шай қорабына түсіп кеткенін байқаған Ғарекен әңгімесін бастап кетті. Украинаның Ресейге қосылғанына 250 жылдығын тойлауға Қазақстаннан бір топ өнер қайраткерлері барады. Делегацияны басқару белгілі жазушы Сәбит

Мұқановқа тапсырылады. Бекітілген құрамда атақтары бүкіл елге белгілі дүлдүл әншілер, КСРО халық әртістері Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, тағы басқалар болады. Жол жүрердің алдында Мәскеуден делегация құрамын анықтайтын сұрау келіп, «Оның ішінде әнші Ғарифолла Құрманғалиев бар ма?» - дегенде ол жоқ болып шығады. Дереу делегация құрамына Ғарекен ілігетін болады. Сол сапарда Сәбең: - Әй, Ғарипола! Сен осы әнді мәнерлеп Жүсекен сияқты айтпайсың ба? Тек бакыра бересің, - депті. Сонда Ғарекен: «Әр елдің салты басқа, иті кара қасқа демекші. Біз бакыра береміз», - депті.

- Концерт Киевтің 2500 кісі сиятын концерттік залында өтетін болды. Концерт басталып кетті. Бибігүл мен Ермек өздерінің тиісті әндерін орындап кетті. Бір уақытта менің де кезегім келіп, оның үстіне Сәбеңнің айтқаны есімде, домбырамды театрдағы «настройщиктердің» келтіргеніндей, бұрауын «ля» - ға келтіріп алып, Сметтен бастап кеттім. У-шу болған зал дүрлігіп кетіп, қатарынан тоғыз ән айтып шықтым. Залдағы овациялаған халық жақында тынышталар түрі жоқ. Бір мезет зал су сепкендей тыныштала қалды. Қарасам, сахнаға еңгезердей әскери адам көтеріліп келеді. Әлгі әскери жүріспен алшаң басып, қасыма қалай жетіп келгенін де байқамай қалдым. Ол «бәленің бәрі домбырамда ма» дегендей, қолымдағы домбыраны онды-солды төңкеріп, құпия «ештеме» таба алмағандай өзіме қайтарып тұрып, маңдайымнан бір сүйіп, сол баяғы әскери жүріспен көпшілік көрермендердің ішіне кіріп, ғайып болды... Бұл кәдімгі атақты кавалерия маршалы С.Буденный болып шықты. Концерттен кейін әркім нөмірлеріне барып, жайғасып, тыныстайтын әдеті емес пе. Мен де бөлмеге келе сала шешініп, енді тыныстағалы отырған кезде телефон шылдыр ете қалды. Телефонның ар жағында Сәбеңнің дауысы: «Әй, Ғарипола! Менің бөлмеме төмен түсіп кетші, делегацияға арналған банкет болатын еді», дей келе, «Ғарипола, бакырғанның да пайдасы болатын көрінеді», - деп әзілдеп бір қойды. «Сонымен Киев сапары аяқталып, елге жүретін уақыт жетіп, пойызбен жолға шықтық. Ақтөбеден өтіп, Қандыағаш стансасына жақындай бергенде, радиодан: «Ғарифолла Құрманғалиевке «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағы берілсін» деген үкіметтің қаулысын естідім, - деп, Ғарекен әңгімесін аяқтады.

Ғарекен туралы жоғарыда айтқандарға тағы да еріксіз оралуға тура келіп отыр. Орал облысында бір айдың ішінде Қаратөбе, Жымпиты, Ақжайық, Тайпақ аудандарын түгелдей араладық. Әр ауданда он кеңшар, әр кеңшардың үш бөлімшесі бар. Сонда әр ауданның он шаруашылығы баптаулы сәйгүлік мінгізіп, кілем беріп, шапан кигізіп, сол сәйгүлікпен басын қырау шалған ағамыз шоқытып айналып келген сәттерді көргендіктен: «Шіркін-ай! Халқы сыйлаған өнерпаз осы Ғарекендей-ақ болсын» деген ой келеді. Марапаттау рәсімі де қызықты өтетін.

Міне, сөйткен сұңқардың 70 жылдығы аталғанына да біраз жылдар өтіпті. Академик Ахмет Жұбанов айтқандай, Ғарекен, Жүсекен сияқты «ірі-ірі калибрлі» тұлғаларының өнері ұрпақтан ұрпаққа мәңгі жасай бермек...

Бұл күндері Ғарекеннің өнері өзінің жалғасын тауып, өркендеу үстінде. Қазақстанның көптеген оқу орындарында оның класынан сабақтар жүргізілуде. Ғарекеннің өнерін жалғастырушылардың қатарында елімізге белгілі әншілер

Қажыбек Бекбосынов, Қапаш Құлышева, Қатимолла Бердіғалиев, Сәуле Жанпейісова, Света Мырзабаева, Сәуле Таудаева, Сағадат Рахметжанов, Серік Абдрахманов, Айгүл Қосанова, тағы басқа өнерпаздар халықтың қошеметіне бөленіп жүр. Сонымен қатар Ғарекеннің класы Астана қаласындағы Қазақ ұлттық университетінде де жүргізіледі. Онда әншінің шәкірттері Қапаш Құлышева, Света Мырзабаева дәріс беруде.

*Орал өңірі,
19 желтоқсан, 2013*

ҚҰБЫШ ӘШІМҰЛЫ МҰХИТОВТЫ ЕСКЕ АЛУ КЕШІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Орынбай ДҮЙСЕН
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры

Армысыздар ардақты ағайын! Құрметті ұстаздар және шәкірттер!
ҚР жоғарғы мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, белгілі ұстаз, профессор Қ. Ә. Мұхитовты, еске алуға арналған «Ұстаздардың ұстазы» атты сыныптық концертімізге қош келдіңіздер!

Бүгінгі кештің құрметті қонақтары! Заманымыздың заңғар тұлғасы, ұлағатты ұстаз Құбыш Әшімұлы бүгінде 85-ке келер еді. Қазақта, «әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін» - дейді халық даналығы. Көзі болмаса да, өзіндей болып ағамыздың соңында ұстаздық мұрасы мен шәкірттері қалды. Күй және күйшілік өнердің даму тарихына көз жүгіртсек, осы киелі өнерді жалғастыруда әр ұрпақтың атқарар міндеті болғанын көреміз. Ал олар болса өздеріне жүктелген міндетті арқалап қана қоймай, келесі ұрпаққа абыроймен аманат етіп отырды. Соның арқасында сонау Қорқыт, Асан, Қазтуған, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап, Абыл, Сүгір, Ахан, Біржан, Мұхит тағы да басқалардан мыңдаған ән-күй үлгілері бүгінгі заманға жетіп, халқымыздың қажетіне жаратылып, рухани азығына айналды. Бұл өнер табиғи жолмен дамып, бүгінгі ұрпақтың үлесіне тиесілі болуда. Осы ұлы көштің соңғы легінің шеруі ХХ ғасырдың 30-шы жылдарында мынадай есімдермен жалғасын тапты. Олардың қатарында: Д. Нұрпейісова, О. Қабиғожин, Ә. Хасенов, Л. Мұхитов, Қ. Жантлеуов, Ж. Қаламбаев, Д. Мықтыбаев, Р. Омаров т.б. Академик А. Жұбановтың ұйымдастыруымен Алматыда бас қосқан олар, дәстүрлі өнердің уәкілі бола тұра білім беру ісінің де көш басында бола білді. Оған Л. Мұхитовтан бастап, 1945 жылы халық аспаптар бөлімінің ашылуымен Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясына қобыз домбыра мамандығы бойынша ұстаздық қызметке шақырылуы дәлел бола алады. Сөйтіп, Ахан, бастаған бір топ дала «академиктері» өмірге келесі топ талапкерлерді әкелді. Осылай толқынды толқын қуалап, күй өнерінің жалғасы жаңаша үрдіс алып, төмендегідей талант иелері дүниеге келді. Консерваторияның алғашқы алтауы болып, есімдері алтын әріппен жазылып

тарихта қалды. Бұл есімдерді кейінгі ұрпақ әрқашан үлкен құрметпен, зор ілтипатпен еске алады. Аттары әйгілі апа-ағаларымыздың қатарында, профессорлар: Х. Тастанов, Ш. Қажғалиев, Ф. Балғаева, Ф. Мансуров, Қ. Мұхитов, Б. Сарыбаев. Бұл буынға жататын Махамбет Қали және А. Жұбановтың шәкірті Н. Тлендиевтің есімі ерекше құрметпен аталады. Ал біз болсақ бір кездері осы тұлғалардан тәлім-тәрбие алғанымызды мақтан тұтамыз. Еске алғалы отырған, бүгінгі кештің кейіпкері профессор Құбыш Әшімұлының есімі ерекше құрметпен аталады. Кезінде академик А.Қ. Жұбанов: «домбырашылар ұстазы», деп атаса, кейінгі буын, шәкірттерінің айтуымен «ұстаздардың ұстазы», деп аталған. Ол кісі туралы толығырақ білгісі келгендер шәкірттерінің атсалысуымен Алматыда, 2003ж. жарық көрген ағамыздың 75-жылдығына орай «Ұстаздардың ұстазы», атты еңбекпен танысуға болады.

Консерваторияның тарихында есімі алтын әріппен жазылып, алғашқы алтаудың бірі болып, бітірген Құбыш Әшімұлына өнері Бөкей өңірінде Бапас атанған Дәулеткерейдің жолын қуған Махамбет, Науша, Жайықтың сол жақ жағалауы: Абыл, Сәулебай, Кәуен, Мұхит, жолын қуған Лұқпан, Құрманғазы жолын қуған Қали Диналардан нәр алады. Ендеше алғашқы алтаудың, ұстаздары туралы шәкірттерінің естеліктеріне назар аударып көрелік: «Лұқпанның басқа домбырашылардан айырмашылығы еш уақытта тартқан күйінің бір жерін өзгертпейтін. Ол неше жыл бойы нотасыздық қалыпта, жаттай тартса да күйлеріне не қосып, не алып деген сияқты азды-көпті өзгерістерді, ауытқуларды білмейтін». /А.Қ. Жұбанов/. «Ән күй сапары» 1976, 136 б.

«Ұлекеңнің орындауын қызық көріп, бір күйді қайта-қайта тартқызатынбыз. Он рет ойнаса, он рет қаз-қалпында айнытпай өзгертпей салып беретін», деп Шамғон ағамыз тек өзіне ғана келісетін «дирижерлық» қимылмен екі қолын екі жаққа жайып салып, айтып беретін.

/Айтушы профессор Ш.С. Қажығалиев/.

«Оркестрде отырғанда Қалекең (Қали) күйдің бір жерлерін, не иірімдерін ұмытып, тастап кетсе, Ұлекең: - «Әй пұшық! Не бүлдіріп отырсың» десе, Қалекең: «Кешіріңіз ұмытып қалыппын», деп кешірім сұрайды екен». Ұлекең бірер жас үлкендігін пайдаланса керек. /Айтушы профессор Қ.Ә. Мұхитов/.

Жоғарыда айтылғандай Л. Мұхитов Жайықтың сол жақ жағалауының күй үлгілерін алып келіп қана қоймай, ол алаштан ән оздырған Мұхит бабасының мұрасын жеткізіп насихаттаушының бірі болғаны тарихтан белгілі. Ол турасында профессор Құбыш Мұхитов былай дейді: «Лұкең алғаш слетке келгенде әнші болып қатысады да кейін ақиық әнші Ғарекең келгенде, Л.Мұхитов: «Ғарифолла тұрғанда менің ән салғаным ұят болар», - деп.

Ағамыз 50 жылдан астам ұстаздық қызметте 100 ден аса шәкірттер дайындапты. Құбекеңнен тікелей тәлім-тәрбие алған шәкірттердің бәрі, республика көлемінде белгілі орындаушылар және күй мамандары. Олар дәстүрлі орындаушылық өнерде шынайылығымен тұрақтылығымен және өміршендігімен ерекшеленеді. Қазақстанның қай өңірінен келген шәкірттер болмасын өздерінің күй өнері саласындағы азды-көпті жетістіктерін тізбектей келгенде қай-қайсысы да Құбыш ағамыздан аттап кете алмайды. Айта келгенде олардың қатарында: ҚР Халық әртістері, профессорлар: К. Күмісбеков, Т. Мерғалиев, белгілі орындаушы

У. Бекенов, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Б. Қарабалина, Ш. Әбілтаев, Қазақстанның халық әртісі, профессор Қ. Ахмедияров Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор А. Жайымов, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Р. Айдарбаева, 1998 жылы Елбасының қолдауымен, белгілі скрипкашы, ҚР Халық әртісі, профессор Айман Қожабекқызы Мұсақожаеваның бастауымен Астанада тұңғыш ашылған ҚазҰМА-ның (ҚазҰӨУ-і) халық аспаптар бөлімінің негізін қалаушылар, профессорлар: Р.Қ. Мұсақожаева, О.К. Дүйсен, доцент Н. Әштайқызы аталмыш апа-ағаларымыздан тәлім-тәрбие алған тікелей шәкірттері болып келеді. Қорыта келе айтқанда Құбыш Әшімұлының өнердегі өнегелі өмірі талай ұрпақтың зерттеп-зерделеу нысаны болып, шәкірттері, немере шөберелерінен заңды жалғасын таппақ демекпіз.

05 желтоқсан, 2013

ӘСЕМ ӘННІҢ КЕҢ МҰХИТЫН ШАЙҚАҒАН

Орынбай ДҮЙСЕН,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры

Асқақ үнді Ғарекен табиғаты дара дарын еді.

Аты аңызға айналған ұлы бабамыз Қорқыт дүниеге келе сала тұра жүгіріпті деседі, сол күні жер-дүниенің астан-кестені шығып, дауыл тұрып, табиғаттың алапат тынысы айналаны екінші рет ғажап әсерге бөлеген деген аңыз әңгіме сақталған. Көмейінен ән нәсері төгіліп тұратын Ғарекенді алғаш көргенімде көңіліме ол да сондай қазақтың өнеріне біткен бірегей тұлғасы болып орнықты. Жадыма алыстап қалған аңсарлы кезеңнің ақжелкен арманы мен асқаралы мұраты қайта оралып, ұстаз алдында тағы да бір риясыз тағзым етуді мақсат етуден осы ойлар қаламыма ұшқын берді.

Сонау 1973 жылдың жазында, Амантай ағамның айтуымен сол кездегі еліміздің астанасы Алматыға «Қазақконцерт» бірлестігі жанындағы Республикалық эстрада және цирк өнері студиясына, домбыра мамандығы бойынша профессор Құбыш Әшімұлы Мұхитовтың класына келіп түстім.

Құбыш, Жүсіпбек, Ғарифолла, Сапарғали, Гүлжаһан сынды аға-апаларымыздың қымбат та асыл бейнелерін көріп, олардан тәлім-тәрбие алдым деудің өзі адамға шын бақыт. Өмір мен өнерге қатар баулыған Ғарекеннің әкелік, ал Рабиға шешеміздің аналық мейірімін, шапағатын көрген біздерге бүгін қалай мақтанып, марқайсақ та жарасады-ақ.

Алаштан ән оздырған, ән бастауы сонау Мұхиттан таралатын Ғарекендей арыстың ғұмыр өрнегі қай жағынан тарқатып айтсақ та, кейінгі өріске рухани азық болары хақ. Әсіресе, атасының мұраларын мұқият жинап, жарыққа шығарып (соңғысы «Әнімен елін тербеткен» деп аталады) жүрген Ғарекеннің немересі, өнертану ғылымдарының докторы Меруерт Санатқызы Құрманғалиева қарындасымыздың еңбегі айрықша атап айтарлықтай. Немерелерін

емірене сүйіп отырып атасының: «Осы сары балам озады», деп Санжарға, одан соң Онғарсынға сенім артып, еркелеткен кездерін талай рет көз көрген болатын.

Әнші ағамыздың: «Тоғыз жасымнан бастап, Шайқы, Шынтасқа атқосшы болып, бүкіл Үш қиян, Жайықтың сол жақ жағалауы: Қаратөбе, Жымпиты, Шыңғырлау, Елек, Тайпак, Ақжайық, Орал өңірі, Орынбор, Тұзтөбе, Ақтөбе, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз, Атырау, Маңғыстау өлкелерінде «әнші бала» атандым, дегені есімде.

«Қазақта екіншісі бірі әнші» деген сөз бар. Ал енді осы атқа шын мәнінде лайық кімдер бар деген сұрақ туа қалған жағдайда, дәстүрлі кәсіби ән өнері қанатының бірі Жүсекең де, екіншісі Ғарекен деуге толық негіз бар. Бұл екеуі өнер жолында қос қарлығаш сияқты, өмірде де өнердің қос өрімі бірінсіз-бірі өмір сүре алмаған жандар еді.

Студент кезімізде Байзаков көшесінде орналасқан жатақханадан (289-үй) Красин 78-дегі оқу корпусына ұстаздарымыздан бірер сағат бұрын келетінбіз. Есік алдына шығып, Жүсекең, Ғарекен, Құбыш, Хабидолла ағалардың алдынан күтіп тұрар едік. Олардың ішінде, менің курстас замандастарым, бүгінде елімізге белгілі өнер шеберлері Ғалым, Тұрсынғазы, Мырзахмет, Қасен, (Темірқан), Төлеген, Сәтмағамбет, Әбжан, Кахар, Кемал, Мамай, Әлімжан, т.б. бар.

Ең бірінші болып алдымен ширақ басып, қуақылана күліп Ғарекен келеді. Уақыт – таңғы 8-30 сағат. Балалармен амандасуы да өзгеше, қызық-тын. Шағын «спектакль» тамашалағандай боламыз.

Ағамыздың хал-жағдайын сұрағанда, Ғарекен: «Лоқтыр тым қатты жүрменіз, жүрегіңіз қағады, дейді, ал бірақ аяғы түскір оны тыңдай ма?», – деп күлдіретін.

Енді бірде айтатын: «не знаю», «не мешайте», тіпті «пошел к шорту», деген қалжыңдарын қалай ұмытарсың! Расында да білмейтін адам алғашында мұндай сөзін түсініксіздікпен, абдырап қалатын еді.

Артынан көп ұзамай маңғаз басып, иығына ашық сұр бешпетін іле салған Жүсекең келетін. Ғарекен бұрылыстағы 17-ші кабинетке, ал Жүсекең қарама-қарсы 19-шы класқа беттейді. Сабақтың үзілісінде жұптары жазылмайды. Осы бір жарасымды байланыс олардың жан дүниесінің жақындығын, егіздігін айқын дәлелдер еді.

1979 жылдың күзі. Алматының жаймашуақ жылы күндерінің бірі. Сабақтың басталған кезі. Ол кезде Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның II-курс студентімін. Бір күні Ғарекен менімен бір айға 70-жылдық мерейтойымды өткізуге Орал өңіріне барасың дегені. Сөйтіп, мені сабақтан сұрап алу үшін өзімен ертіп консерватория ректоры, профессор Ғазиза Жұбанованың қабылдауына кірді. Әнші ағамыздың үстінде ақ костюм. Кіріп келіп, өзінің әйгілі «здэрьтесінен» кейін шаруасын айтты. Ректор рұқсатын беріп, жүретін болып шықтық. Қазір ойлап қарасам Алматыдағы домбырашылардың ішінен таңдаудың маған түсуі мені қатты жігерлендірді. Сол сенімді ақтауға тырыстым. Әйтпесе сол уақытта «сен тұр, мен атайын» дейтін аға-апаларымыз аз болмаған шығар. Не керек, гастрольге №8 Алматы-Москва жүйрік поезымен аттанып кеттік. Бір сәтте поезд Елек стансасынан

өтіп, мен туған ауылдың орталығы Шыңғырлауға, Елек өзенінен өтердегі көпірге жақындай берді. Бала кезімнен өзіме етене таныс жерлерді сүйсіне тамашалап тұрмын. Кенет, Ғарекең: «Әй бала!» – деді. Селт ете қалдым. «Туған жерінді сағындың ба?» деді. «Иә» дедім. Өзіме ғана мәлім бір сырды абайсызда ағаның сезіп қойғанына іштей қысылып, бетім оттай өртенді. «Туған жерге келген адамның бәрі осылай сен сияқты күй кешеді. Қысылма оған ешқашан», деп, әлгіндегі әңгімені ағалық ақылымен жалғастырып жатыр. Сөйтсе, Орал, Орынбор, Тұзтөбе, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Алматы бағыты өзінің де ерсілі-қарсылы талай өткен өмір жолдары екен-ау! Тап сол шақта ол да осы қасиетті атамекенді көріп, жас сәбидей қиялмен талай рет тербетіле ән салған болар деп ойлаймын. Оның үстіне концерттік сапарын бастағалы отырған, өзінің елі Орал облысының шекарасы да, осы Елек өзенінен өтер көпірден бастау алатын еді.

Ағамыздың елге шығардағы концерттік сапары екі түрлі бағытта болатын. Бірінші мақсат – Шыңғырлаудан түсіп, бірер концерт ұйымдастыру, оның ішінде менің ауылым – «Алмаз» кеңшарында бір концерт қою. Өйткені, бұл елді мекен Қаратөбе, Жымпиты аудандарымен шекаралас жатыр. Әкеміздің Қаратал жайлауы Қалдығайты өзенінің бергі беті болса, арғы бетінде, қол созымдай жерде Қаратөбе ауданының Егіндікөл елді мекені көрініп тұр. Балалық шақ өткен ыстық жерлер... Ғарифолла ағамыздың 60-жылдығында да (1969 ж.) осы бағытпен жүріп, сол сапарында ол белгілі әнші, ауылдас апамыз Қалампыр Рахимованы өзімен бірге өнерге баулуға Алматыға алып кеткен болатын.

Екіншісі – поезд Шыңғырлаудан өтіп, Оралдан бір түсіп, кейін Қаратөбе, Жымпиты аудандары бағыты еді.

Осы жолы, екінші бағытпен жүріп отырып, Орал қаласына жеттік. Уақыт түс мезгілі болса керек. Обкомның хатшылары қарсы алып, «Шаған» резиденциясында қонағасы беріліп, Қаратөбе ауданына жүріп те кеттік. Кісі басына бөлінген «жигули» – ол кезде ең жүйрік, ең үздік деген категориялы көлік. Ғарекеңнің астында – обкомның І-ші хатшысының қара «Волгасы». Сонымен 9 кісіге – тоғыз машина, екі «Жигулиде» киімдер мен аспаптар. Аудан, ауыл басшылары, ағайындар құрақ ұшып зыр жүгіріп жүр.

Концерттік бағдарлама картасы бойынша Қаратөбе, Жымпиты, Ақжайық, Тайпақ, Атырау облысының Индер ауданымен шекаралас елді мекендер қамтылған болатын. Әнші бастаған топ Қаратөбеге келді дегенді естіп, Ойыл ауданының хатшысы жетіп келді. Тура осы бетімен алып кете қоймақ. Бұған себеп жоқ емес. Өйткені, Ғарекеңнің жастық шағы өткен жер және де өнеріне ықыластанып үкі такқан жұрт. Әншіге деген ынтасы мен ынтығының сыры осында жатса керек. Ал қазір өмір мүлде басқа. Әншіні артынан іздеп баратын әкім бар дегенге өз басым онша сеніңкіремеймін. Өтірік сөйлеп, Құдайдың күнәсына батпай-ақ қоялық, бар шығар, бірақ өте сирек.

Халқымыздың қай заманда да ән мен күйді тыңдау мәдениеті мен талғамы өте жоғары деңгейде болғаны баршамызға аян. Онымен санаспауға болмайды. Бүгінде халық алдына шығып, абыройға кенелген жастарымыз да жеткілікті. Алайда, өкінішке қарай, мұны табыс табудың құралы мен көзі деп қарап, теріс

пікір қалыптастырып жүргендер де кездеседі. Сол кездің өзінде, Ғарекен, ондайлар туралы: «Құр айқаймен ақша тапқан «шикі» әншілер көбейіп барады-ау!» деп қынжыла күрсінгені әлі есімнен кетпейді. Алайда, кейінгі толқын Сәуле, Айгүл, Қайрат, т.б. салған әндерді тыңдап, Ғарекеннің ән мұрасы жалғасып жатқанына шүкіршілік етесің.

Той әншінің елі Оралда бір ай, Атырау өңірінде тағы соншама үлкен сән-салтанатпен, 30 күн ойын, 40 күн тойы дегендей әсермен өтті десек еш артық емес. Мұндайды көрмеген бізге, шынында да солай әсер қалдырды. Әншінің әрбір концертті жұрттың ағыл-тегіл қошаметімен өтті. Ұзағын-қысқасын қосқанда, ағамыз бір концерттің өзінде 17-18 ән шырқайтын. Ғарифолла ағамыздың репертуары қандай сан алуан еді.

Қаратөбе ауданында өткен мерейтойдың жөні бөлек. Ол кезде ауданда шаруашылықтар оннан кем болмайтын, әр шаруашылықта екі-үш бөлімше. Жергілікті халықтың шұғылданатын негізгі кәсібі – мал өсіру мен егін егу. Мал жайланып, шаруа жайланғанша уақыт біразға таяп қалады. Концерт, одан кейін той иесіне арналып жайылған дастарқан, содан соң жерлестері: «Ал, Ғарекен! Енді әнді жатып айтатын жерге барамыз» – деп қалжындап, үйді-үйді аралап кету басталады. Бұл жиын-рәсім таң бозарғанша созылатын. Ауылдың үлкен-кішісі сыймай кеткен үйде аяқ-қолыңды созып отыру мүмкін емес. Тыңдаушы ыңғайын жасауға көшеді. Төрт жағына төрт көпшік қойып тыңдап отырған адамды көрдім. Ал бәрінің назарындағы ағамыз не оңға, не солға қисаймастан, бастапқы түрінен өзгермей, малдасын құрып отырған қалпында ән шырқайтын мықтылығына таңғалатынбыз. Ара-арасында бірер сағат қана мүлгіп аламыз. Соның өзінде Ғарекен елден бұрын бірінші тұрып, біздің жанымызға келеді. Керемет сөздері ұйқымызды шайдай ашып жібереді.

Алматыға кеудеме әсерім сыймай оралдым. Біраз тыныққаннан кейін Атырауға жүретін болдық. Ағамыздың үстінде ақ плащ, ашық түсті шляпа. Күздің қара суығы. Жерге су тисе көк тайғақ болып шыға келетін кез еді. Мені сабақтан сұрап алуға тағы да ректордың алдына бардық. Ғ.Жұбанова: «Ғарекен-ау! Бұл бала кеше ғана келген жоқ па? Сабақтары да бар еді» – деуі мұң екен, Ғарекен шорт кетті. «Онда мен де бармаймын. 70-жылдығым аталмай-ақ қойсын» – деп есікке қарай беттеді. Ректор апамыз: «Ғарекен, ғафу етіңіз! Бірер жетіге бара қойсын, сосын поезға кері қарай мінгізіп жіберерсіз» – деді. Ағамыз кілт тоқтай қалып: «Ар жағын өзім қосам» – деп шығып кетті. Ыңғайсыз жағдайға еріксіз куә болып қалған мен, «кешіріңіз», деп, ілбіп соңынан шықтым.

Атыраудың Теңіз ауданын түгелдей араладық. Осының алдында Ғарекен: «Әй, бала! Бұл жақтың халқы өнерді ерекше қабылдайды» деген-ді. Оны концерт басталғаннан-ақ сездік. Әсіресе, әнші шығар-шықпастан-ақ, олардың қызуқандылығы байқала бастады. Мұндай қошеметті тек халықаралық дәрежедегі додаларда көргенбіз. Қиқулаған жанкүйерлер сияқты. Көрермендердің ішінде, жасы әншімен қарайлас замандастары кезігеді. Олар әнге бүкіл болмысымен еніп кеткен. Тыңдай келе қызбаланып: «Әй! Ғарипола! Көзіңді ақитыңқыра! Ақитыңқыра Ғарипола!» – деп жан-жақтан жамырап қоя береді. Қыза-қыза келе көк, қызылды-жасылды барқытпен, пүлішпен көмкерген

дөңгелек бөріктерін бастарынан жұлып алып, бар пәрменімен еденге бір ұрып, шаңын бұрқ еткізетін. Әннің аяғы бітер-бітпес, бәйгеге қосқан арғымағына дем бергендей гуілдеген халықтың айқай-шуы «овацияға» ұласатын. Келесі ән жариялар алдында ғана тыңдаушы тұлпары бәйгеден келген жандай көңілдері толып, тыныштық орнайды. Ән аяқталуға жақындағанда залдың іші тағы да дүр сілкінеді.

Теңіз ауданынан кейін, жол Жылой ауданына ойысып, Қаратөң, Майкөмген, Құлсары елді мекендерін түгелдей араладық. Құлсарыда жас шамасы Ғарекеннен үлкендеу ескіше оқығаны бар бір шежіреші қартты кездестірдік (аты-жөнін ұмытыппын). Өлгі кісі бізбен еріп жүрген әншілер: өскемендік Қабыкен, қарағандылық Қанат ағаларымыздың аты-жөндерін сұрастыра келе: «Сендер мына атадан тарайсыңдар», деп таратып берді.

Әншіге құрмет Абай атындағы опера және балет театрында жалғасын тапты. Концерттік топтың құрамына елімізге белгілі өнер қайраткерлерімен қатар, студенттер де кірді. Олардың қатарында Қазақстанның халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиев бастап, КСРО халық әртісі Шабал Бейсекова, Қанат Құлымжанов, Қабікен Камалиев, бишілер – Роза Дәулетиярова, сырнайшы Александр Капканов, Ғарекеннің шәкірті Бибіажар Махамбетовамен және т.б. барлығы 9 кісі болдық. Күнде театрда репетиция.

Осы концертте Жантөренің «Шалқымасын» орындадым. Сахнадан шығып бара жатқанымда басты «бапкер» Ғарекенмен түйісіп қала жаздадым. Сөйтсем ұстаз аға мен үшін жанын шүберекке түйіпті. «Мына бала қалай орындар екен?» –деп іштей қобалжыған ол күй аяқталғанша шымылдыққа оранып, жасырынып тұрыпты. Қауіптенетін себебі де жоқ емес-тін. Мұндай концертте әнші, домбырашы атаулының бәрі тыңдаушы әрі сыншы ретінде қатысары хақ. Оның үстіне студент деген атымыз бар. Абырой болғанда орындауым тәуір шықса керек, ұстаз ағаларым тарапынан «жақсы» деген бағадан басқа сөз естіген жоқпын. Әншінің немересі Меруерт Санатқызы шығарған «Әнімен елін тербеткен» атты еңбегін парактап отырғанда, Ғарифолла тек әнші емес, Жайықтың сол жақ жағалауындағы сонау Абыл, Кәуен, Сәулебай, Мұхиттардан бастау алатын күй өнерінде дәріптеуші болғанын оқып, қуанып отырмын. Консерватория қабырғасындағы оқып жүрген жылдардан бері жақсы білемін дегенмен, ағамыздың күйді де керемет орындағанын енді ғана естіп отырмын. Өттен, осы күйлерді сол кезде неге жазып қалдырмады екен деген өкінішті ой да жоқ емес. Әншілердің ішінде өздерінің әндерін сүйемелдеуде Ғарекен мен Жүсекеңе тең келер ешкімнің жоқтығының сыры осында жатса керек.

1934 жылы республикалық бірінші слетке Мұхиттың немересі Лұқпан Мұхитов әнші болып қатысса керек. Кейін, ол әнді түбегейлі тастап, күйге ауысып кеткен. Ұлекеңнің немере жиен-інісі профессор Құбыш Әшімұлы Мұхитовтың айтуынша, Ұлекеңнің өзі: «Ғарекен тұрғанда менің ән айтқаным ұят болар», – деген көрінеді. Ал Ұлекең болса халық орындаушыларының ішінде тартқан күйлерінің, Ахаң айтқандай, «азды-көпті, не алып, не қосуды» білмейтін, таза, түпнұсқасын сақтап тартатын санаулы домбырашының бірі болғаны тарихтан белгілі.

Аға мерейтойының жоғары дәрежеде өтуіне адал жар, аяулы ана Рәбиға шешеміздің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Олай болатын себебі, шешеміз ауырып қалғанына қарамастан тойды ойдағыдай атқарды. Дүбір аяқталған соң оның саулығы сыр бере бастады. Өзінің айтуынша, жанына 1973 жылы Ғибрат деген баласының қайтыс болуы қара тастай қатты батыпты. Бір қолы талып, жансызданып, басы ауыра беретін болған. Студент кезім. Сабақ арасында үйіне барамын. Қолымнан келгенше көмектескім келеді. Көңілін аулап, әңгімелесеміз. Өкінішке қарай, сұм ажал шешемізді арамыздан алып кетті. Ол кісінің отбасының асыл діңгегі болғаны сонда барып бір-ақ сезілді. Жарға деген мұндай кіршіксіз сезім мен құрметтің бізде қалыптасқан тамаша өнеге мектебі бар. Қазақ әйелдері табиғатына тән бекзаттық болмыс біздің Рәбиға шешеміздің бойынан да менмұндалап тұратын. Ағамызды алақанына салған аяулы бейнені ұмыту мүмкін емес. Жұмысқа Ғарекен тап-тұйнақтай болып келетін. Ерекше күтім жасалған адам екені көрінетін. Жұмыста әншінің әріптес замандас серігі Жүсекең өмірден өтіп, көңілі бір құлазыса, үйде өмірлік серігі дүниеден озып, әншінің денсаулығы сыр бере бастады. Ғарекен 19-шы класқа: «Здрасьте», деп кіріп келеді. Жұмыс үстіндегі шәкірттері Жәнібек, Қайраттар орындарынан атып тұрады. «Ассалаумағалейкүм», деп қолдарын созады. Ғарекен бірақ Жүсекеңнің орнын нұсқап тұрып: «Мен сендерге емес, ана кісіге сәлем беруге келдім» дейтін.

Талай тарихты басынан өткізген, сұрленген таныс жол – Виноградов 62, Киров көшесі, Красин 78, Калинин көшесі, театр, студия... Үйде де көңілдің қошы жоқ. Обалы не керек, балалары әкелерінің жанын ұғуға барын салып-ақ бағады. Ара-тұра ағамыздың хал-жағдайын сұрап біз де барып тұратынбыз. Ол көбіне жылы одеялға оранып, коляскіде отыратын. Жүрегімнің түбінде бір түрлі сезім тамыры бұлқынады. Сахна дүлдүліне деген сағыныштың бұл тек басталуы ғана екен-ау.

Естелік әңгімелерді қызықтырып баяндайтын.

Бірде ол: «Орынборда дін оқуын оқып, діни төрт кітапты бітіріп шықтым. Жоғары діни білімім бар» – деп, дауыстап, сирек те болса сүрелерден үзінді оқитын.

Енді бірде молданың өзін састырғаны бар. Оқып келе жатқан сүреден жаңылып кетеді. Оңаша шақырып, оған қателерін айтып бергенде азарда-безер болған молда: «Мұнымды жұртқа жая көрмеңізші, ұят болды ғой, жаттап алып айтып, күнімді көріп жүрген жайым бар еді», – деп кешірім сұраған көрінеді.

Театр спектакльдерінде Ғарекеннің домбыра сүйемелдеуімен жеке партиялары болғаны белгілі. Сахнаға шығардың алдында домбыраны өзінің дауысына лайықтап, бабына келтіріп қояды. Бірақ біреулер оның былай шыға берген сәтін күтіп, білдірместен «ля» бұрауына, бір тон жоғары келтіріп қояды екен. Спектакль аяқталған соң, әлгілер: «Ғареке, қалай болды?» – деп сұрайтын көрінеді. Сонда Ғарекен: «Білмеймін кішкене қаттылау болды ма?» – деп, партияларды жоғары бұрауда орындап шығады екен. Мұны студияда оқып жүргенде домбыраның «құлағын келтірушілердің» бірі, марқұм Кәукен ағамыз айтып, есіне алып отыратын.

«Әй, бала! Тында» – деді бірде Ғарекең: «Радиоға әндерді жазып жүрген кезім. Арқаның бірлі-жарым әндерін үйреніп орындап жүргенмін. Жақсы таныс кісім: «Ғарифолла, осы сен Арқаның әндерінде не жұмысың бар» дегені. Келесі күні, ренжіңкіреп ашуланған мен радиоға Арқаның 17 әнін қатарынан жазып жібердім» – деді әнші. Осы орындауда тыңдаған «Смет» сияқты әндер әлі құлағымыздан кетпейді. Радиодан осы әндерді беріп тұрса, шіркін, кейінгі ұрпаққа үлгі болар ма еді деген ой келеді.

Тағы бірде радиоға әндер жаздырып жүріп: «Банды Аманғалидың әні» десе, әлгі ән сол кездегі «худсоветтің» талқысынан өтпей қалыпты. Уақыт оздыра келіп Ғарекең оны: «Сері жігіттің әні» деген атпен қалай өткізіп жібергенін айтатын.

Соғыс жылдары Жүсекең мен Ғарекең Алматы төңірегіне концертпен шығып тұратын. Оны ағамыз былай деп еске алады: «Көлігіміз өгіз арба, ат бола қалса Жүсекең ерде, мен мінгесіп артында отырамын. Концерт болатын ауылға жақындай бергенде білетіні бар, білмейтіні бар, Жүсекеңе көрсетпей маған «көңілдендіретін» судан құйып береді. Ал Жүсекең болса ондайға ыңғайы онша жоқ кісі. Ұрттаған кісінің жайы белгілі, қызулауымын. Концерт болса жақындап қалды. Сонда Жүсекең менің жағдайымды көріп: «Ит-ай! Ит-ай! Мынау мені тағы құртты ғой», деп келесі ауылға жеткенше барын салып, мені бақташыдай бақылауға алады. Өйткені, концерт ауыртпалығының нобайы өзіне түсетінін біледі. Сөйтіп, кезекті ауылға да жақындап қаламыз. Мен болсам сап-сауым, жоғарыда айтылған «ерекше құрметтің», бірі жоқ. Бар «мәстірствімді» саламын кеп-ай! Жүсекең жоғарыда айтылған «ит-айын», бірнеше қайталап шынымен сеніп қалатын». Тапшы кез. Халық болса ішерге тамақ, азық-түлік жинап беретін».

«Киевтің 2500 кісі сиятын концерттік залында концерт басталып кетті. Бибігүл мен Ермек өздерінің тиісті әндерін орындады. Бір уақытта менің де кезегім келді. Сәбеңнің осының алдында маған айтқан сын-ескертпесі есімде. Домбырамды театрдағы «настройщиктердің» әдетінше бұрауын «ля»-ға келтіріп алып, «Сметтен» бастап жібердім. Залдағылар орындарынан дүрлігіп кетті. Өйткені қатарынан бірінен соң бірі 9 ән айтып шықтым. Ұзақ қол шапалақтау. Халықтың тынышталар түрі жоқ. Бір мезет зал су сепкендей тына қалды. Қарасам сахнаға еңгезердей әскери адам көтеріліп келеді. Әлгі әскери жүріспен алшаң басып, қасыма қалай жетіп келгенін байқамай қалдым. Ол: «сиқыр домбырада ма дегендей», қолымдағы домбыраны онды-солды төңкеріп көріп жатыр. Құпия ештеңе таппады. Домбырамды қолыма қайта табыстап, маңдайымнан сүйді. Сөйтті де әлгіндегі әскери жүріспен көптің ішіне сіңіп кетіп, лезде ғайып болды... Кейін білдім, бұл кәдімгі атақты кавалерия маршалы С.М. Буденный болып шықты. «Сонымен Киев сапары аяқталып, елге оралатын уақыт жетті. Поезбен жолға шықтық. Жүріп келе жатып, Ақтөбеден өтіп, Қандыағаш стансасына жақындай бергенде, радиодан: «Ғ. Құрманғалиевқа Қазақстанның халық әртісі құрметті атағы берілсін», деген үкіметтің қаулысын естідім деп, ағамыз әңгімесін аяқтады.

Елде гастрольдік сапармен жүргенімізде ауыл ақсақалдары: «Ғареке! Балаларыңыз нешеу? Қай жерде қызмет істейді?» деген сұрақтар қойып жатады.

Ғарекен: «Білмеймін. Әйтеуір таң ата машинамен алып кетеді. Соған қарағанда бастық білем» деп қалжыңмен жауап береді.

Әнші өнері, әнші дауысы бүгінде ЮНЕСКО көлемінде сирек кездесетін құбылыс ретінде аталса еш артықтығы жоқ.

Біріншіден, Алматыдағы алғашқы муздрам қойылымдары мен опералардың негізіне 70-80 пайыз қазақтың ән-күйлері арқау болғаны белгілі. Сол ән-күй материалдарын халық орындаушылары әкелгенін білеміз. Негізгі респонденттердің бірі осы Ғ. Құрманғалиев болатын.

Екіншіден, осының алдында ғана ғұлама ғалым, қазақ музыка өнерінің кәсіби тұрғыда, оның практикалық және теориялық негізін қалап, зерттеп, жазып кеткен академик Ахмет Жұбановтың 100-жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті. Ал Ғарекен болса, сол жылдары мәдениет майданында Ахаңмен үзеңгілес жүріп, еңбек етіп, шын мәнінде халықтың сүйіспеншілігіне бөленген әнші.

Үшіншіден, ән өнерін бір ұлттай бағалай білетін Италияның ән өнері мамандары, әнші ағамыздың көмейін гипсқа түсіріп кетуінің өзі түсінген кісіге көп нәрсені аңғартса керек.

Бұл жерде әннен бәйге бермеген арғымақ ағамыздың шын мәнінде ел-жұртының сүйіспеншілігіне бөленгенін көреміз. Өнер тарихында ес біліп, көзімізді ашқалы мұншалық сый-сияпатқа ие болғандар санаулы. Жалпы дала өркениетінде, оның ішінде қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ұрпақ өсіру тәжірибесі мен қағидалары бар. Ол – әке, ана, бала парызы деген нәрселер. Осылардың ішінде бізге керегі – соңғысы. Адам баласы есейе келе, ата-ананың алдында есеп беретін, яки парызды өтейтін кезі келеді. Сол сияқты Ғарекен мен Рәбиға шешеміз ұл да, қыз да тәрбиелеп, бір кісідей әкелік, аналық парыздарын толығымен орындады.

Виноградов, 62-13 – Ғарекеннің қарашаңырағы болып есептеледі. Бұл үйден талай дүлдүлдер дәм татты. Үй иелері біреуге аға, біреуге ана, қиындық көрген адамға пана бола білген жандар. Осы әншінің қарашаңырағында Ғарекеннің мұражайы ашылса деген тілегіміз бар. Біреулер әншінің аты аталмай қалып жатқан жоқ, оның есіміне ие мектеп, филармония бар деген уәжді алға тартуы мүмкін. Қазақ ежелден ырымшыл, шаңырақты сыйлап өскен халық, шаңырақты шайқалтпау, аруақты сыйлау бүгінгі ұрпаққа тиесілі. Гастрольдік сапарда жүргенімізде әнші ағамыз: «Төрт жағыңа төрт көпшік қойылып жатыр. Одан артық қандай құрмет керек? Менімен дәмдес болған кісі жаман болмайды» деген еді. Бүгінгі өнердегі азды-көпті жетістіктерімізді әншінің сондағы ауызынан шыққан дуалы сөзбен, әулиелігімен байланыстырамын. Сондай-ақ, Ғарекен Қаратөбенің шағыр құмын жайлаған қалың «шотқараның да емес», ауыл-аймақтың да емес, батыстың «Бояны» атанған Мұхитты өмірге келтірген жалпы батыс өңірлерінің де емес, ол бүкіл қазақ атаулының үкілеген өнерде ауыздықпен алысқан бәйге бермес арғымағы екенін тағы да баса қайталап айтамыз.

Мен өзім куә болған сол жетпіс жылдық мерейтойдан бері қаншама уақыт өтті. Академик А. Жұбанов айтқандай, Ғарекен, Жүсекең сияқты, «ірі-ірі калибрлі» тұлғалардың өнері осылай мәңгі жасай бермек.

Бұл күндері Ғарекеннің мектебі өзінің жалғасын тауып, өркендеу үстінде. Қазақстанның көптеген оқу орындарында оның класынан сабақтар жүргізілуде. Шебердің өнерін жалғастырушылардың қатарында елімізге белгілі әншілер Қ.Бекбосынов, Қ.Құлышева, Қ.Бердіғалиев, К.Тасболатов, Қ.Өтеғалиев, С.Жанпейісова, С.Мырзабаева, С.Таудаева, С.Рахметжанов, С.Абдрахманов, А.Қосанова т.б. бар. Сонымен қатар Ғарекеннің класы Астана қаласы Қазақ ұлттық университетінде де жүргізіледі. Онда әншінің шәкірттері Қапаш Құлышева мен Света Мырзабаевалар дәріс беруде.

«Қуса жеткізбес қайран, сол бір күндер- ай!» – десейші дейсің ағамызбен бірге жүрген шуақты шақтар көз алдымызға келе қалып.

*Егемен Қазақстан
12 маусым, 2014*

СҰЛУЛЫҚ ТҰНҒАН СЫРЛЫ ӘЛЕМ

Орынбай ДҮЙСЕН

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры

«Әлем таныған әсем топ» деп кезінде Ахмет Жұбановтың өзі айтқандай, өткен ғасырдың отызыншы жылдарында 17 адамнан құрылған Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрі, расында, осындай биікке көтерілді. А. Жұбановтың тікелей басшылығымен қалыптасқан бұл оркестр ұлттық аспаптар деңгейін жоғары дәрежеге жеткізген, ұлтымыздың мақтанышына айналған бірегей өнер ұжымына айналды. Бүгінде оркестр өзінің тамаша орындаушылық мектебі арқылы Қазақстанмен бірге әлемнің көптеген елдерінде танылды. Ұжым дара орындау шеберлігінің асқар шыңына жетумен бірге, талай өнер саңлақтарының білімін, кәсіби шеберлігін жетілдіретін өнер шаңырағы болып отыр.

Енді, міне, оркестр осынау өткен жолының қорытындысын шығарып, шығармашылық қызметтің өзіндік бір салмақталатын шағына да келіп қалыпты. Оның да өзіндік себебі бар. 2004 жылы Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің 70 жылдығы, биыл оның теориясының негізін салушы, академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтың 100 жылдығы «Юнеско» көлемінде аталып өтсе, енді оның тәрбиелеп шығарған көптеген шәкірттерінің ішінде шоқтығы биік тұратын Шамғон ағамыз сексеннің сеңгіріне қол артып отыр.

Алдымен, атап айтарымыз, А. Жұбанов, Л. Хамиди және олардың замандастары Ұлекен, Қалекен, Науша, Махамбет, Жаппас, Дәулет сында өнер дүлдүлдері, олар тәрбиелеп шығарған шәкірттер – профессорлар: Х. Тастанов, Ш. Қажығалиев, Ф. Мансұров, Ф. Балғаева, Қ. Мұхитов, Б. Сарыбаев консерваторияның тарихына алғашқы «алтау» болып еніп, қазақ өнерімен

мәдениеті әлемінің шоқ жұлдыздары ретінде танылып, есімдері алтын әріппен жазылды.

Осы буынға жататын өнер көші басшыларының бірі Нұрғиса ағамыздың өзі бір төбе, бөлек әңгіме арқауы.

Бүгінгі ұрпақ, өз замандастарым бір кездері жоғарыда аталған ағаларымыздың және Нұрғиса ағадан дәріс алып, тәлім-тәрбие көріп, дәмдес, жүздес, біршама уақыт қызметтес болғанымызды мақтанышпен еске алып, ұдайы мәртебе тұтады.

Ұлы даладан өзіндей орасан, кең тұлғалар әлем сахнасына көптеп шыққан. Көшпенділер мәдениеті тарихында олардың есімдері, істері шежіре арқылы халықтың жадында сақталды және жазу-сызуымызбен бүгінгі ұрпаққа жетті.

Сол өнер шежіресінің көзі, оны бүгінгі орындаушылық шеберлік дәстүрімен табиғи ұштастрып, халық игілігіне айналдырған Шамғон Қажығалиев ағамыз туралы сөз етпекпіз.

– Жаксының жаксылығын айт, нұры тасысын, - дейді халқымыз.

Шамғонның асқарлы өнер жолындағы ұлан-ғайыр қызметінің қыр-сырын жан – жақты толымды түрде сипаттаудың едәуір күрделі шаруа, арнайы зерттеу объектісі боларлық дүние екенін ескерсек, сонымен өткен студенттік шақтарды, оркестрде, консерватория қабырғасында қызметтес болған кезеңдерімді еске алып, сондағы әсерлерімді, ой түйіндерімді бөлісіп, жүйелі сөз қозғауды өзіме парыз санадым.

Ойлап отырсам, Шәкенді білгеніме де біраз жылдардың шамасы болған екен. Ағаның құрметті жасқа келгенін көре отырып, өзіңнің де жерортаға жеткенінді сезініп, өткенінді бағдарлай қарап, шіркін жастық шақ-ай дейсің, осындайда! Бұл жалпы адам атаулыға тән сезім.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының бірінші жартысы, яғни 1973 жылдың жазы болатын. Ол кезде арман жетелеген ауыл жастары, өз замандастарым өнер-білім іздеп, еліміздің астанасы Алматыға ағылып жататын. Олардың бірі ән айтып, бірі күй тартып, өмірден өз жолын іздейтін. Мен де ақиық саңлақ әншілер Жүсекеңнің, Ғарифолла Құрманғалиевтың ықпалымен талпыныс жасап, сол кездегі «Қазақконцерт» бірлестігі жанындағы республикалық эстрада және цирк өнері студиясына домбыра мамандығы бойынша профессор Құбыш Әшімұлы Мұхитовтың класына түстім.

Осы кезден бастап қаладағы өнер ұжымдарымен, олардың өнерімен етене жақынырақ таныса бастадым. Құрманғазы атындағы ұлт аспаптары оркестрін және оның жетекшісі КСРО халық әртісі, профессор Ш.С.Қажығалиевты алғаш көргенім де осы кез еді. Бұрын аракідік радиодан немесе ауыл аралаған шағын концерттік топтардың өнерін көріп, тыңдағанымыз болмаса, мұндау үлкен ұжымнан керемет әуен үндестігін естіп тамашалау біз үшін, расында, керемет бір ғажап дүние болып көрінері хақ. Осы кезден бастап, оркестрдің бас жетекшісі Шамғон ағаның болмыс-бітімі, іс-қимылы көз алдымызда айшықты сурет болып өрнектеле берді. Айтса айтқандайын, оның шәкірттерімен бірге, айналасындағы адамдарға да әсері мол болатын. Оның әрбір жүріс-тұрысы,

қимыл-қозғалысының өзі әркім үшін тағылым дерлік. Консерваторияда оқып жүрген кезімізде сондай бір көрініс көз алдымызда қалыпты.

...Анадай жерде кербез басып ағамыз келе жатқанда біз – шәкірттер бір орында тұрып, қалшыып сілтідей тынып қалатынбыз. Сонда дауысымыз шығар – шықпас күбір етіп, амандасып үлгеретінбіз. Шамғон аға болса басын изеп, қасымыздан қалқып өтетін сол сәтті айтсаңшы! Бұл үлкенге құрмет, кішіге ізет қана емес, осы өнер иесінің бойындағы бір тылсым құдыреттің нұрлы шарпуы екенін қалай айтпасқа!

Шәкеңнің сөз саптап, сөйлем құруы, жүріс-тұрысы, білім өресі – бәрі де өзіне жарасып тұратын. Сондықтан да біздер үшін оның өзі де, өнері де қол жеткізбес бір асқар шың болып көрінер еді.

Үлкендерден – өнердің абызы Ғарекен болса, ол да Шәкеңе не қуанып, не ренішін білдіргенде: «Әлгі, біздің сары бала» дегеннен артық ештеңе айта алмаушы еді. Өйткені ағамыз үлкенді сыйлап, өзі де сыйлы бола білді.

Осындайда Шамғон Сағадденұлының 60 жылдығында сөз сөйлеген замандасы, әйгілі әнші, КСРО халық әртісі Ермек ағамыздың айтқаны еске түседі. Ол: «Алғашында, біз – Шамғон, Фатима және мен соғыс жылдары Ленинградтан қоныс аударып келген белгілі скрипкашы И.Лесманның скрипка класына түскен болатынбыз. Шәкеңнің өз ісіне берілгендігі соншалық, уақыт өте келе Фатима екеуіміз мамандығымызды ауыстырып, біріміз – қобызшы, біріміз – әнші болуға мәжбүр болдық» деп, Ерағанның әзілдеп, достық лебізін айтып ағынан жарылғаны бар.

Алты ардақтының бірі академик Фуат ағамыздың Алматы мен астанаға келіп жүрген сапарларында айтқан мына бір сөзі: «Шамғон жалғыз, ол біреу, оны қадірлей біліндер» - дегені есімізде. Бұл жерде Фуат Шәкірұлы дос туралы өз лебізімен көңілдегіні тап басып, бүгінгі таңда Шәкеңнің өз саласында, өнер патшалығында қандай тұлға екенін аңғартса керек.

Ал елге есімдері белгілі өзге де ағаларымыз бен апаларымыз «Шәкең» дегеннен басқа, ағамыздың атын атамайтын. Бұл да Шамғон ағаның қадірлі әріптестерінің, құрдастарының оның өнеріне лайықты баға беріп, құрметтегенін білдірмей ме?!

Жетпісінші жылдардың аяғы, сексенінші жылдардың басында Бекентуров Жанас (бүгінде Құрманғазы оркестрінің дирижері), Кәрібаев Төрехан (белгілі қобызшы маман) және мен, – үшеуіміз оркестрге толық «ставкаға» шақырылды. Мұның өзі студент болып жүрген біз үшін зор жетістік болатын. Өйткені ол кезде студенттер толық қызметке алынбайтын. Осылайша менің оркестрдегі қызметім басталып та кетті.

Театр киім ілгіштен басталады демекші, Шамғон Сағадденұлы басшылық еткен кезде оркестр жұмысы күнделікті тәртіптен басталатын. Алдымыздағы аға буын ұстаздар да осы тәртіппен тәрбиеленген жандар. Кейінгі жастар да оларға еліктеді, себептен себепсіз жұмысқа кешігіп келу көріністеріне жол берілген емес.

Бас дирижердің тұлғалық болмысына тән ерекше қасиеттерін де байқайтынбыз. Әсіресе, ағамыз оркестрдің қатардағы мүшелерімен арқа қағысып амандасып, (Аханның өзін жақсы білетін бірер құрметті адамдардан

басқа) олармен көңілді жиындар құру сияқты артық қимылдарды ұнатпайтын еді. Себебі мұндай келеңсіздіктер дирижердің атына лайықты емес делінетін.

Шамғон Сағадденұлының елгезек ықтияттылығы соншалық, ол партитураны өн бойынан айқын естіп, ажыратып отырады. Сондықтан да оркестр мүшелері тарапынан, кейде қандай интервал, қандай дыбыс, ауфтактыны дұрыс көрсетіп отыру сияқты жүйкені қажытар орынсыз сұрақтар беру немесе әдейі артық дыбыстар алып, теріс ойнау деген болмайтын. Оның: «Мен 24 жол партитураны естимін, ал сендер бір жол партияны ойнап отырып, жаңылысып қаласындар!» - дегенін талай естігенбіз.

Кейде қызықты жәйттер де кездесіп қалушы еді. Оркестр құрамы үлкен болғандықтан, тәртіпке зор мән берілсе де, кейде мүлт кететін кездер болады. Әсіресе, 70-80 адамнан тұратын ұжымның ішінде үлкенге де, кішіге де сыйлы бір талант иесінің «музыкалық тәртіп бұзып тұратыны» бар еді. Мұдайда бүкіл ұжым қасы мен қабағына қарап үйренген ағамыз, әлгі кісі шаршап, мазасыздана бастаса, еш шара қолданбастан, оған құндағын жинатқызып жұмыстан жібере салушы еді. Жалпы оркестр тарихында мұндай ерекше «ілтипатқа» ие болғандар бірен-саран ғана.

Дирижер ағамыздың өзіне тән өзге де ерекшеліктері баршылық. Мысалы, орындаушы ойнап отырған музыкалық партиясынан адасып қалса, қайтадан бастатқызып, әуре-сарсаңға түсірмейді. Бұл артық жұмыс деп саналады. Сол сияқты, партитурадан орындалмай түсіп қалған дауыстардың «адресін» сол бойда тауып алған кезде, жаңылған жақ тиісті ескертулерден кейін өз қателерін тап басып, енді қайталамауға тырысады. Оған қоса, бес-он минут үзілістерде қателерінің мәніне шұқшия үңіліп, сабақ ретінде зерделей түседі.

Шамғон аға тарапынан репетицияға жіберілген уақытты тиімді пайдаланып оркестрмен жұмыс істеу методикасын дұрыс ұйымдастыруға зор маңыз берілетін. Атап айтсақ, осалдау орындаушы топтарды кейінге қалдырып, қайта ойнатып, қате тұстары түзелгеннен кейін негізгі топқа қосып отырады. Орындалатын шығармаларды айқын біліп, таныс емес партитуралардың өзін емін-еркін бірден (с листа) оқып ала жөнеледі.

Бір ғажабы, әртүрлі аспаптарда орындалатын шығармалардың небір қиын тұстарын мүдірместен ауызша (сольфеджио) айтып бере салады. Тіпті, ең жүйрік деген флейтаның дыбыс тізбектерін (пассаждардың) өз екпінінде аса шапшандықпен орындай қояды. Бізге мұның бәрі, әрине, таңсық дүниелер еді.

Шебер орындаушыларды бағалай білетіні, оның өз ісіне кәсіби тұрғыда қарайтыны тіпті ғажап. Кейбір орындаушылар өз дәрежесінде болмай, әсіресе, қобыздар группасы жиі қателесіп, ілесе алмай, әбден дегбірі қашқанда: «Есдәулет, сығрайте партию кобыза», - дейтін. Бұл – өзіміздің Есаған. Ол, кезінде Москваға Үлкен театрға контрабас мамандығы бойынша концертмейстрлікке шақырылғанын білетінбіз.

Жеке орындаушыларды оркестрмен сүйемелдеудегі шеберліктің көріністері қандай, шіркін! Бибі апамыздың әні, оның Шәкеңмен аккомпанеметі теңдесі жоқ «тандем» болатын. Әсіресе, Л.Хамидидің «Бұлбұлы», «Қазақ вальсі», «Гауһар тасты» айтудың өзі неге тұрады.

Ермек пен Шамғонның «дуэті» де осындай дәрежеде болатын. Аталған әншілер еш уақытта оркестрмен қайта-қайта келіп репетиция жасап уақыт кетірмейді, жауапты концерттердің өзін бірер қайталап шығып, өз дәрежесінен көрінеді. Шамғон ағамыздың жеке аспапта орындаушыларды сүйемелдеуі де есте қаларлықтай ерекше әсерлі. Атап айтсақ, М.Төлебаевтың «Поэмасын» – Меруерт апамыздай орындау үлгісі, Қаршыға ағамыздың орындауындағы И. Гайднның «Венгер рондасы», Н.Тілендиевтің «Аққуы», «Темірбектің төкпесі» сынды шығармаларды орындау деңгейлеріне ешбір оркестр солистері жете қоймағанын атап айтқан жөн. Мұның өзін солистер мен дирижердің кәсіби шеберліктерінің айқын көрінісі деп бағалаймын. Оларды халықтың ұйып тыңдауының сыры осында жатса керек.

Ең бастысы, Шамғон ағаның концерттік репертуары да сан алуан болатын. Оның ішінде: халық музыкасы, халық композиторларының ән-күйлері, орыс, шетел музыкасы, Қазақстан композиторларының шығармалары жан-жақты қамтылған.

Мұндай күрделі музыкалық шығармалардың әрқайсысының иірімі терең, орындай білудің қыр-сыры мол болып келеді. Лирикалық шығармалар оркестрде әндетіліп, сөзбен жеткісіз сұлулықпен сызылтып орындалса, ал жігерлі шығармалар буырқанған сілкініс туғызады. Мұның бәрі музыканың қандай жанр болмасын, соған сәйкес «ауфтактылар» түрлерінің сан алуандығының өзгешелігінен туындайды. Білімі, ішкі сезімі, күш-қуаты (энергетика) осының барлығы дерлік дирижер ағамыздың қолының қимылдарынан көрініс тауып жатады. Расында, осы ерекшеліктердің барлығы Шамғоның бойындағы ала-бөле қасиет!

Оның орындауындағы: Ж. Бизенің, В.А. Моцарттың, И. Гайднның, П. Чайковскийдің, М. Глинканың, А. Свиридовтың, халық және халық композиторларының ән-күйлері, Қазақстан композиторларынан: К. Күмісбековтің шығармалары, әсіресе С. Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» сияқты туындылары бүгінгі таңда теңдесі жоқ орындау үлгісі болып, музыка тарихында, тыңдаушылардың есінде берік орын алды.

Орыстың ұлы композиторы П. Чайковскийдің кезінде «дирижирование» сабағынан «үштік» қана баға алуы, симфониялық шығармаларды аспаптандыруда (инструментовка) теңдесі жоқ Римский-Корсаковтың: «Дирижирование – это дело темное» - деуі дирижер мамандығының қаншалықты күрделілігін аңдатса керек. Ал орыстың фортепиано орындаушылық өнерінің негізін қалаушыларының бірі Г. Нейгауздың «Виртуозная игра – это еще не исполнение» деуіде, бұл сөзімізді айшықтай түседі.

Жоғарыда айтылғандар жақсы композитор болу, жақсы «инструментовщик» болу, әрине дирижерлік өнерге әсері болғанымен жақсы дирижер болуға кепілдік бере алмайтынын дәлелдей түседі. Ән-күйдің мазмұны мен мәтініне сәйкес үндесуі алдымен осыған байланысты. Олай дейтініміз, дирижерлік шеберлік биік деңгейлі орындаушылық мамандыққа жатады.

Сөзіміздің соңында Шамғон Сағадденұлы Қажығалиев туралы қысқаша толғанысымызды қорыта келе, қазақтың орындаушылық өнер әлемінде

Шамғонның шыңы бой көтергенін, оған бүгінгі музыка шеберлерінің қол жеткізуге ұмтылысы биік мұрат болып табылатынын атап айтамыз.

«Бағалай білмегенге бақ қонбайды, қуана білмегенге құт қонбайды» дейді халық даналығы. Сондықтан да барымызды бағалай білейік, қуана білейік ағайын.

Бұл дегеніңіз – ежелден бабаларымыз аңсаған елдігіміздің нышаны, ел болудың кепілі!!!

*Шамғон шыңы,
2007. –72-80 б.*

ОРЫНБАЙ ДҮЙСЕН ТУРАЛЫ ЗАМАНДАСТАР ЛЕБІЗІ СОВРЕМЕННОКИ О ОРЫНБАЙ ДҮЙСЕНЕ CONTEMPORARIES ABOUT

ОРЫНБАЙ ДҮЙСЕН – ВОСПИТАТЕЛЬ ТАЛАНТОВ

Г. Муханбетжанова

В этот день концертный зал Казахской национальной академии музыки собрал учеников, коллег и поклонников Орынбая Дуйсена, лауреата первого республиканского конкурса им. Курмангазы, члена Союза музыкальных деятелей Республики Казахстан, известного в нашей стране педагога по классу домбры.

Высокая культура, профессионализм, глубокие знания методики преподавания, безукоризненный вкус и принципиальность – вот те качества, которыми характеризуют О. Дуйсена, учителя и человека, его коллеги и ученики.

Будучи студентом Алматинской консерватории, играл в оркестре им. Курмангазы, в составе которого разъезжал с гастролями по городам России, Украины, Киргизии. Преподавал в Алматинской государственной консерватории, откуда по приглашению Айман Мусаходжаевой перешел в столичную Академию музыки. Воспитанник первой высшей школы музыки в республике, он учился у прекрасного педагога, профессора Кубыша Ашимовича Мухитова – одного из первых выпускников Алматинской консерватории, основателя профессионального обучения игры на домбре, предком которого является знаменитый певец Мухит Миралиев, названный в свое время исследователем А. Затаевичем «казахским бояном» (сказителем). Кстати, у А. Мухитова занимались известные сегодня музыканты: композитор К. Кумысбеков, Ш. Абильтяев, К. Ахмедьяров, А. Жаимов, Р. Айдарбекова и др. Но наиболее ярко повлияли на его творчество Жусупбек Елебеков, Гарифулла.

О. Дуйсен подготовил около 25 домбристов, которые работают в колледжах, оркестрах. Среди них – концертмейстер оркестра Государственной филармонии Турар Алипбаев.

Творческий вечер Орынбая Дуйсена вел лектор столичной филармонии Каиржан Макан. Программа концерта включила небольшие инструментальные миниатюры, а также развернутые по форме и содержанию кюи. Все это позволило представить индивидуальный мир образов, стиль каждого автора, его направленность. Прозвучали произведения Курмангазы, Даулеткерей, Таттимбета, Абыла Оскембая. Выступление Орынбая Дуйсена было восторженно встречено зрителями. После концерта маэстро охотно ответил на вопросы.

– Вы участвовали в двух конкурсах: в 7 лет – в районном и 1983 году – в престижном республиканском им. Курмангазы, – на которых стали лауреатом, наблюдали и оценивали другие такие состязания. Скажите, всегда ли конкурсы выявляют истинное дарование?

– К сожалению, нет. Творчество – сложное явление, и определить талант способно разве что время. Наивысший судья – публика. Зритель всегда хорошо чувствует музыку, он – точный барометр мастерства исполнения. Если народу не нужно искусство артиста – грош ему цена. Происходит своеобразный естественный отбор музыкантов.

– Кого из домбристов можете назвать в ряду наиболее искусных исполнителей?

– Это очень сложный вопрос. Для меня ценно и бесспорно мастерство последователей великого Курмангазы: Дины Нурпеисовой, Кали Жантлеуова, Охаба, Мурата, Науши Махамбета, Абикена, Толегена, Садуакаса Балмагамбетова.

– Вы – автор исследований о связи истории, языка и кюя. Расскажите о своих принципах в преподавании.

– Считаю, что музыканту, являющемуся последователем народных традиций исполнения, необходимо донести все богатство инструментального искусства в том виде, в каком оно возникло. Народную музыку нужно воспринимать в неразрывной связи с историей, потому она и не подлежит какому-либо искажению, интерпретации. В этом смысле кюй должен звучать только в первоизданном виде. Этому я и учу своих учеников.

Музыкант, если хочет быть популярным, должен иметь достаточно обширный репертуар, быть независимым с точки зрения жанрового разнообразия, владеть глубокими знаниями истории, языка и культуры народа.

Уроженец Уральской области Казахстана, Орынбай Дуйсен пришел в профессиональный мир музыки довольно поздно – в 20 лет, хотя был увлечен игрой на домбре с детства. Сегодня можно говорить о преемственности поколений: прекрасным домбристом был его дед – отец матери, ее братья. Трое детей Орынбая Дуйсеновича тоже имениты. Старший сын – Ордабек – скрипач, лауреат международных конкурсов и фестивалей, участник турне по Америке, Австрии, Украине. Дочь Дина – пианистка, вместе с младшим братом Ильясом (он скрипач) учится в Академии музыки. Они не раз были победителями

фестивалей и конкурсов, последний из которых – «Шабыт». Жена Сауле – преподаватель Академии по классу фортепиано. За возможность работать и передавать свои знания молодым в Казахской национальной академии музыки О. Дуйсен выражает благодарность ее ректору Айман Мусаходжаевой.

*Вечерняя Астана
28 ноября, 1998*

ДОМ, ГДЕ ЖИВЕТ МУЗЫКА

А. Прилепская

Семьи бывают разные. В каждой свои, особенные, взаимоотношения. Хочу рассказать сегодня о семье, в которой царствует музыка. Владеющая душой, дарующая силы и вдохновение музыка объединила семью Орынбая Карагуловича Дуйсена и Сауле Казкеновны Сагимбаевой.

А начиналось все двадцать пять лет назад, когда студентка-пианистка Алматинской консерватории Сауле Сагимбаева подрабатывала в качестве концертмейстера и играла вместе с домбристом Орынбаем Дуйсеном.

– Однажды в коридоре он подошел и спросил, как мои дела, – вспоминает Сауле Казкеновна. – Орынбай был блестящим студентом, им гордились преподаватели. Я уже год играла партию фортепиано, была его концертмейстером. Вне концертов и репетиций общались мы мало. И вдруг он интересуется мной, спрашивает, как мои дела. Я даже не знала, что ответить. С этого момента, наверное, и началось наше настоящее знакомство, а через два года Орынбай, студент-народник, стал моим мужем. Видимо, эта встреча была не случайной, судьба нас отметила.

Сейча в семье Орынбая Карагуловича и Сауле Казкеновны трое детей. Старший сын – Ордабек – скрипач, студент Казахской национальной академии музыки, занимается у Айман и Раисы Мусахаджаевых, обладатель премий республиканских и международных конкурсов. Недавно он, впервые в Казахстане, исполнил все 24 каприса Паганини в одном концерте. Дочь Дина тоже студентка музыкальной академии, занимается в классе фортепиано профессора Алтая Кусаинова. Младший сын, Ильяс, учится игре на скрипке и считается подающим надежды учеником.

Родители смогли привить детям любовь к музыке, сохранить и развить искорки таланта.

– Наши дети сами тянулись к музыке, – рассказывает Орынбай Карагулович. – Я знаю случаи, когда других детей нужно было заставлять учиться, а наши сами хотели, им было интересно все, что связано с музыкой.

Отец бережно хранит свой блокнот с записями по методике преподавания, в котором его семилетняя тогда дочь Дина рисовала цветы и рояль папе на память, и еще писала ноты в его нотной тетради. Девочка стремилась быть как отец, музыкантом, а для начала хотя бы порисовать в его

блокноте. Когда дети начали заниматься музыкой, отец ходил на их уроки с блокнотом и записывал каждый нюанс, каждый технический момент, на который указывал преподаватель, а потом дома он занимался с каждым ребенком по этим записям.

Дети рано начали чувствовать музыку. Когда отец играл на домбре кюи, маленький Ордабек внимательно слушал, радуясь веселым музыкальным моментам и расстраиваясь от печальной интонации. А когда звучал күй Курмангазы «Кобик шашкан», бурный и тревожный, полный глубокой минорной печали, Ордабек кричал: «Ойнама!», «Не играй!», убегал в другую комнату и плакал, будто отвергая седую печаль, рыдающую в звуках домбры. Ордабеку тогда было всего два года.

Дина росла задиристой, как мальчишка. Взрослая и обаятельная девушка, она вспоминает, как в детстве была телохранителем Ордабека, который старше ее на год. Но уже в детстве у шустрой забияки было свое понимание образа, характера в музыке. Мама рассказывает о «танце снежинок», который Дина разучивала в садике:

- Подходит ко мне воспитательница и говорит, что не хочет, чтобы моя Дина танцевала. Я выясняю, в чем причина. Оказывается, все девочки-снежинки должны были быстро кружиться под музыку, а Дина, упорно не слушая воспитательницу, кружилась медленно. У нее была своя снежинка, плавно падающая, легкая и медленная. Она так видела этот образ и ни в какую не хотела понимать, зачем ее заставляют быть быстрой снежинкой.

И когда однажды девочка решила, что будет играть на фортепиано как мама, Сауле Казкеновна не знала, радоваться ли этому. Ведь если мама пианистка и педагог, и дочь учится на фортепиано, очень сложно не навязать девочке свое понимание музыки, сберечь ее восприятие. Но выяснилось, что Дина с детства сохранила свое стойкое видение образа и характера музыки и ее не так-то просто сбить с этого пути. Теперь в семье две пианистки, но они очень разные.

Младшего Ильяса любили, баловали и старшие дети, и родители, чем он иногда и пользовался. Со смехом вспоминают Ордабек и Дина, как младшенький шлохничал и прятался за их спины. Прошло время, и Ильяс решил стать скрипачом, как старший брат. Сначала мальчика думали учить играть на виолончели, но Ильяс стоял на своем. Он выбрал скрипку.

Дети взрослые и самостоятельные. А когда-то молодой семье пришлось пройти через трудности и проблемы. Не было жилья, снимали квартиры или жили в общежитиях. Начало девяностых было, пожалуй, самым сложным временем для музыкантов, но Орынбай и Сауле считают, что трудности закаляют характер и относиться к ним нужно по-философски. Как пример философского отношения к проблемам, семья вспоминает случай. Однажды, когда жили в общежитии, на верхнем этаже, весной, стала протекать крыша. Капли с потолка ритмично и громко падали в подставленный таз, а отец в это время занимался с Ордабеком. Они придумали, как использовать ситуацию, и когда мама пришла домой, мальчик играл гамму под ритм падающих капель, а отец считал. Сначала две ноты на каплю, потом четыре, восемь, шестнадцать,

тридцать две. И под четкий стук импровизированного метронома юный скрипач отработывал технику пальцев левой руки.

– Если бы в нашей жизни не было проблем и все давалось бы без труда, наши дети не выросли бы такими, – считает мать. – А еще нас очень сближает музыка. Это наш воздух, наше любимое дело. В доме всегда звучала домбра, ведь Орынбай Карагулович – замечательный исполнитель и композитор. Мы все отдыхаем душой, слушая кюи отца. Мы знакомили детей с музыкой, но никогда не навязывали своего решения. Я, честно говоря, не хотела, чтобы наши дети были профессиональными музыкантами, ведь это, прежде всего, тяжелая жизнь. Путь будут близки к музыке, но не настолько. А потом просто однажды поняла, что это их судьба, и они приняли решение. У нас в семье всегда уважают решение другого, а как же иначе. Ведь дети должны вырасти самостоятельными и сильными. Разве станут они такими, если с детства взрослые будут все решать за них?

Действительно, дети стали очень самостоятельными, очень ответственными, и еще они очень трогательно любят своих родителей. В семье царит атмосфера любви, понимания и внутренней свободы. Орынбай Карагулович, Сауле Казкеновна и дети считают свою семью счастливой, а это большая радость. И родители, и дети уверены, что частичку счастья, удивительное родство и единение семье подарила музыка.

*Вечерняя Астана,
16 ноября, 2002*

ХАЛЫҚ МҰРАСЫНА АДАЛ БОЛАЙЫҚ
(«Сорос» бағдарламасында сәрсембілік фестивальдан алған әсер)

Ә. Қарамендина
музыкатанушы

Өткен жылдың қараша айының 20 күні «Сорос» бағдарламасы шеңберінде берілген консерваторияның домбыра кафедрасының ұстазы доцент Орынбай Дүйсеновтың концертті болып өтті. Осы концерттің негізгі мақсаты – тындаушы қауымды қазақтың домбыра өнерінің негізгі дәстүрлері мен орындаушылық мәнерімен таныстыру еді. Қазіргі кезеңде бұл өте маңызды принцип, өйткені орындаушы – күйші атадан қалған дәстүрді аялап көнеден қалыптасқан күйді орындау тәсілдерін бұлжытпай жеткізуді парыз деп санайды. Орындаушының ойынша дәстүрді тек шығарушы – композитор, яғни, автор ғана өзгертуі мүмкін, ал орындаушы екпіндік жағынан күйді өзгертсе де, үндестік, музыкалық текст жағынан күйшінің сазын айна-қатесіз жеткізу қажет.

Концерт бағдарламасы 15 күйден қалыптасқан. Олардың арасында көпшілікке кең тараған, әйгілі күйлер мен сирегірек орындалатын шығармалар да орын алды. Бағдарламаға көз салсақ Орынбайдың орындауындағы күйлер мазмұны мен мағынасы, көңіл-күй жағынан халқымыздың күй өнерінің алуан түрлілігін аңғартады. Ақын айтқандай:

«Кейде күй талмаураған, талықсыған,
Кейде өжет, кейде долы, албытсынған.
Кейде пан, кейде дархан, кейде сергек,
Шаршы өрге кейде шапшып, шауып тынған».

Бағдарламадағы күйлер тек көңіл – мазмұнымен ғана емес, кеңбайтақ шаһарымызда қалыптасқан, өзіндік дыбыс шығару, үндік, ырғақтық ерекшеліктері бар түрлі дәстүрлерді көрсетумен қызықтырды. Кеште Абылдың «Нарату», Әбдінің «Қосбасары», халық күйі «Кеңес», Тәттімбеттің 5 «Қосбасары», Қазанғаптың «Бөгелегі», Сүгірдің «Қаратау шертпесі», Құрманғазының «Арба сокқаны», халық күйі «Ақжелен», Динаның «Жігер», Дәулеткерейдің «Қыз Ақжелеңі», халық күйі «Адайдың ілмесі», Есжанның «Соқыр Есжаны», Мұрат Өскенбаевтың «Жеңісі», Алтынайдың «Ақжелеңі», Жантөренің «Шалқымасы» Орынбай Бөкей мен Атырау, Манғыстау мен Арқа, Қаратау күйлерін нақышына келтіріп орындап, өзінің ата дәстүрге ерекше бір абайлығымен, ықыластығымен көзге түсті. Домбырашының түрлі дәстүрден күйлерді баптап, келтіріп орындауына оларды орындап, насихаттаған Әбікен Хасенов, Сәдуақас Балмағамбетов, күйшілер Дина Нұрпейісова, Төлеген Момбековтардың орындау мәнерін қағып алып, оны бұзбай, кілегейін төкпей, қазіргі өсіп жатқан күйші-домбырашыларға жеткізіп отырғанын қасиетті іс деп ойлаймыз.

Концерт өз тыңдаушыларын тауып, әсіресе шетелден келген қонақтарды таң қалдырып, құлақ құрышын қандырды.

Концерт соңынан біз кейбір тыңдаушылармен сұхбаттасып едік. Консерватория доценті С. Бүркітов концерттің негізгі мақсаты – орындалған күйлердің бәрі де жеткізушілердің текстіне сүйену, олардың табиғи тұлғасының бұзылмауы. Мысалы, бізге жеткен Ә.Хасенов, Д.Нұрпейісова өздері қалдырған күйлердің текстің бұрмаламай, тыңдаушыға жеткізілуі. Әрбір күй орындаушы нюанс, ырғақ, екпін жағынан еркіндік жібере алады. Бұл – дәстүрлі. Бірақ интонациялық, музыкалық текст жағынан ешқандай қосылым жасалмау керек. Орынбай бүгінгі концертінде осыны дәлелдеп отыр.

Консерваторияның V курс студенті Айман Акбаева: «Бағдарламада әртүрлі мағынадағы 15 күй болды. Концертке келген адам өз құлағымен қазақ күйінің географиялық байлығын біліп, тыңдауға мүмкіндік алды, өйткені түрлі аяқпақтардың күйлері орындалды. Негізі – домбырашының күйлердің мүмкіндігінше негізге сүйену, әртүрлі дыбыс шығару әдістерін шеберлікпен меңгеру. Әрбір орындаушылық мәнердің ерекшеленуі осында. Орынбай ағай олардың бәрін жетік меңгерген деп түсінемін.

Иә, бұл концерт ешкімді де елеңсіз қалдырған жоқ. Ал мақаламыздың тақырыбы ретінде алынып отырған фраза – Орынбайдың творчестволық кредосы (сенімі, сезімі) десек, қателеспейміз.

ҚАЗҰӨУ ДОМБЫРА КАФЕДРАСЫНЫҢ ПРОФЕССОРЫ О. К. ДҮЙСЕННІҢ
«ҰЛЫ КӨШ» АТТЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ ЖӘНЕ КҮЙЛЕР
ЖИНАҒЫНА ПІКІР

Д. ҚАМЗАБЕКҰЛЫ
Филология ғылымдарының докторы, профессор

Автордың «Ұлы көш» атты еңбегінде мамандықты оқыту үрдісі туралы тұжырымдамалары замана талабына сай орындалған. Бөлімдері атауларына, мазмұнына сәйкес материалдармен қамтылған. Күй өнерінің дамуының кешегісі, бүгіні, ертеңі туралы қысқаша орынды шолу жасалған. Күй өнерінің теориясы мен тәжірибелік тұстары бір арнаға түсіп келе-келе аймақтық ұғымнан, жалпы ұлттық ұғымға айналуы деген автордың түйіндемесі назар аудартады. Білім жүйесімен оқыту үрдісі орын алып оның басы-қасында академик А.Жұбанов, серіктестері мен оның ізбасарлары туралы орынды әңгіме қозғалады.


Сонымен қатар бұл еңбекте халық даналығынан алынған, ұлы ойшылдардың, белгілі музыканттардың, педагогтардың тәлім-тәрбиелік мақсатта айтылған нақылдары, афоризмдері, автордың ой-толғамдары мен естеліктері еңбектің сапасы мен мазмұнын айрықша толықтыруда. Әдістемелік ескертулер болса қойылған мақсатқа орай нақты көрсетілген.

О.Дүйсеннің авторлық күйлерінің атаулары мен шығу тарихы халықтың дәстүрлі күй шығару орындау өнерімен үндесіп жатады. Жасөспірімдерге арналған «Балдырған» атты циклды күйлер, мазмұнына сәйкес суреттермен қамтылған. Ал күйлердің екпіндік, мазмұндық ерекшеліктерін көрсететін терминологиялық атаулар толығымен қазақшаланып, ұлттық бағытта барынша қолдану талпыныстары көңілге қонымды.

Бұл оқу құралы автордың оқу орындарында білім беру саласындағы көп жылғы ұстаздық, шығармашылық, орындаушылық тәжірибелік еңбегінің нәтижесі екені көрініп тұр.

О. Дүйсеннің «Ұлы көш» атты еңбегі домбыра мамандығының қай саласында болмасын пайдалануға лайық оқу құралы деп, баспадан шығуын қолдаймын.

ЕҢБЕКТЕРІ. ТРУДЫ. LABORS



репертуарлық тізім:

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАЗ. ҰҰУ
ПРОФЕССОРЫ О. ДҮЙСЕННІҢ РЕПЕРТУАРЫ:

+1. Құрманғазы	Кісен ашқан	+	1
+2. ҚҰРМАНҒАЗЫ	КӨБІК ШАШҚАН	+	
+3. ТҮРКЕШ	ҚАРАБАС	+	
+4. ТӨТТІМБЕТ	ҚОСБАСАР-I	+	
+5. ҚҰРМАНҒАЗЫ	АЛАТАУ	+	
+6. ҚҰРМАНҒАЗЫ	АМАН БОЛ	+	
+7. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	ҚОС АЛҚА -II	+	
+8. ХАЛЫҚ КҮЙІ	КЕЛІНШЕК	+	
+9. ҚҰРМАНҒАЗЫ	БАЛҚАЙМАҚ	+	
+10. АРЫНҒАЗЫ	АРЫНҒАЗЫ	+	
+11. ҚҰРМАНҒАЗЫ	БОЗШОЛАҚ	+	
+12. ӘРЕНЖАН	ШАЛҚЫМА	+	
+13. СЕЙТЕК	БЕС ҚЫЗ	+	
+14. ҚҰРМАНҒАЗ	БАЛБРАУЫН	+	
+15. ХАЛЫҚ КҮЙІ	АҚЖЕЛЕҢ	+	
+16. ХАЛЫҚ КҮЙІ	АЙЖАН ҚЫЗ	+	
+17. ХАЛЫҚ КҮЙІ	КЕҢЕС	+	
+18. ҚҰРМАНҒАЗЫ	САРЫАРҚА	+	
+19. ҚҰРМАНҒАЗЫ	ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫН	+	
+20. ДИНА	ӘСЕМ ҚОҢЫР	+	
+21. ЕСЖАН	СОҚЫР ЕСЖАН	+	
+22. СЕЙТЕК	СЕКСЕН ЕР	+	
+23. ҚҰРМАНҒАЗЫ	НЕ КРИЧИ НЕ ШУМИ	+	
+24. ҚҰРМАНҒАЗЫ	ҚАЙРАН ШЕШЕМ	+	
+25. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	ҚУДАША	+	
+26. ХАЛЫҚ КҮЙІ	КӨРӨҒЛЫ	+	
+27. ҚҰРМАНҒАЗЫ	АҚСАҚ КИІК	+	
+28. ҚҰРМАНҒАЗЫ	АҚБАЙ	+	
+29. АҚБИКЕШ	АЙНАМ ҚАЛДЫ	+	
+30. ҚОЫШЫБАЕВ	ЖАСТАР	+	
+31. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	ҚЫЗ АҚЖЕЛЕҢ-III	+	
+32. ТҮРКЕШ	КӨҢІЛ АШАР	+	
+33. ҚҰРМАНҒАЗЫ	АДАЙ	+	
+34. ТӨТТІМБЕТ	СЫЛҚЫЛДАҚ	+	
+35. МӘМЕН	АҚШОЛПАН	+	
+36. ҚҰРМАНҒАЗЫ	КІШКЕНТАЙ	+	
+37. ДИНА	ТОЙ БАСТАР	+	
+38. ҚҰЛТУМИЕВ	КОМСОМОЛ	+	
+39. ҚҰСАЙЫНОВ	МЕРЕКЕ	+	
+40. АБЫЛ	АБЫЛ	+	
+41. ДИНА	БАЙЖҰМА	+	
+42. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	ЖЕНГЕМ СҮЙЕР	+	
+43. ДИНА	ПАРТИЯ	+	
+44. ДИНА	ЖЕҢІС	+	
+45. ҚҰРМАНҒАЗЫ	ТҮРМЕДЕН ҚАШҚАН	+	
	8. ЖЕҢІС		
	9. КӨК АЛА		
	10. БЕЙБІТШІЛІК		
	11. ТАЛАС		
	12. САЛЫҚ ӨЛГЕН II		
	13. БАЛАМАЙСАН		
	14. НАР ИДІРГЕН-I		
	15. НАР ИДІРГЕН-I		
	16. НАР ИДІРГЕН-I		

• +46. ЖАНТӨРЕ	ШАЛҚЫМА	- - - - -	+
• +47. ҚҰРМАНҒАЗЫ	МАШИНА	- - - - -	+
• +48. ҚАЗАНҒАП	ДОМАЛАТПАЙ	- - - - -	+
• +49. ҚАЗАНҒАП	КӨКІЛ	- - - - -	+
• +50. ҚҰРМАНҒАЗЫ	СЕРПЕР	- - - - -	+
• +51. ХАЛЫҚ КҮЙІ	ҚАРАСАЙ	- - - - -	+
• 52. ҚҰРМАНҒАЗЫ	КӨК АЛА АТ	- - - - -	+
• 53. НАЗАРОВ	БЕЙБІТШІЛІК	- - - - -	+
• +54. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	ОХОТА	- - - - -	+
• +55. ТАСТАНОВ	БИ	- - - - -	+
• +56. ӘУБӘКІРОВ	ТАЛАС	- - - - -	+
• 57. ӘУБӘКІРОВ	БАЛДЫРҒАН	- - - - -	+
• +58. ЖҰБАНОВ	БИ	- - - - -	+
• +59. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	САЛЫҚ ӨЛГЕН	- - - - -	+
• +60. ДАЙРАБАЙ	ДАЙРАБАЙ	- - - - -	+
• +61. СЕЙТЕК	ЗАМАН-АЙ	- - - - -	+
• 62. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	БАЙЖҰМА	- - - - -	+
• 63. ҚҰРМАНҒАЗЫ	ТӨРЕМҰРАТ	- - - - -	+
• 64. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	ЖҰМАБИКЕ	- - - - -	+
• 65. ҚҰРМАНҒАЗЫ	ЕРТЕҢ КЕТЕМ	- - - - -	+
• 66. СҮГІР	КЕРТОЛҒАУ	- - - - -	+
• 67. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	ТОПАН	- - - - -	+
• 68. ХАЛЫҚ КҮЙІ	ЕЛ АЙРЫЛҒАН	- - - - -	+
• 69. БАЛАМАЙСАН	БАЛАМАЙСАН	- - - - -	+
• 70. ҚАЗАНҒАП	КІШІ ҚАРАТӨС	- - - - -	+
• 71. ХАЛЫҚ КҮЙІ	КЕҢЕС	- - - - -	+
• 72. НАР ИДІРГЕН-І		- - - - -	+
• 73. ХАЛЫҚ КҮЙІ		- - - - -	+
• 74. ХАЛЫҚ КҮЙІ		- - - - -	+
• 75. ДИНА	БҰЛБҰЛ	- - - - -	+
• 76. БОҒДА	БОЗ ТӨБЕ	- - - - -	+
• 77. ЕСБАЙ	ЖАЛДЫ ҚАРА	- - - - -	+
• 78. ХАЛЫҚ КҮЙІ	КЕҢЕС	- - - - -	+
• 79. ӘШІМТАЙ	ҚОҢЫР ҚАЗ	- - - - -	+
• 80. ХАЛЫҚ КҮЙІ	АҢШЫНЫҢ ЗАРЫ	- - - - -	+
• 81. БАЙСЕЙІТОВ	НАРҚЫЗЫЛ	- - - - -	+
• 82. ХАЛЫҚ КҮЙІ	АҚСАҚ ҚҰЛА	- - - - -	+
• 83. ҰЛБОСЫН	АҚЖІБЕК	- - - - -	+
• 84. ӘЛІКЕЙ	ҚОҢЫР АЛА	- - - - -	+
• 85. ХАЛЫҚ КҮЙІ	АҚСАҚ ҚҰЛАН	- - - - -	+
• 86. АБЫЛ	НАРАТУ	- - - - -	+
• 87. ТӘТТІМБЕТ	САРЖАЙЛАУ	- - - - -	+
• 88. СҮГІР	БОЗ ІНГЕН	- - - - -	+
• 89. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	ЖІГЕР	- - - - -	+
• 90. КҮМІСБЕКОВ	ФАРАБИ САЗЫ	- - - - -	+
• 91. ЕГІНБАЕВ	СЕРПІН	- - - - -	+
• 92. МҰРАТ	ЖЕҢІС	- - - - -	+
• 93. ИСАЕВ	ҰСТАЗ	- - - - -	+
• 94. МАХАМБЕТ	ҚАЙРАН НАРЫН	- - - - -	+
• 95. МАХАМБЕТ	ЖҰМЫР ҚЫЛЫШ	- - - - -	+
• 96. ҚАЗАНҒАП	ТЕНТЕК АҚЖЕЛЕҢ	- - - - -	+
• 97. НАХМЕТБЕКОВ	ЖЕҢІС	- - - - -	+

• 98. ХАМЗИН	БЕЛГІСІЗ СОЛДАТ	+	
• 99. МӘМЕН	ҚАЙҒЫЛЫ ҚАРА	+	
• 100. БАЛМАҒАМБЕТОВ	ЖАСАЙ БЕР ӨМІР	+/-	
• 101. ҚҰРМАНҒАЗЫ	БАЙЖҰМА	+	
• 102. ҚҰРМАНҒАЗЫ	ІЛМЕ	+	
• 103. ҚҰРМАНҒАЗЫ	ЖЫЙМА		+
• 104. ҚҰРМАНҒАЗЫ	АРБА СОҚҚАН		+
• 105. СЕЙТЕК	ОРТПА	+	
• 106. СЕЙТЕК	ШАРИПА		+/-
• 107. ҚАЗАНҒАП	ШЫНАЯҚ ТАСТАР	+/-	
• 108. БОҒДА	БОЗ ТӨБЕ		+
• 109. СҮГІР	ШАЛҚЫМА	+	
• 110. СҮГІР	ТЕЛҚОҢЫР	+	
• 111. СҮГІР	ҚОСБАСАР	+	
• 112. ДИНА	ДОМАЛАТПАЙ	+	
• 113. ДИНА	ҚАЙРАН ШЕШЕМ	+	
• 114. ДИНА	НАУЫСҚЫ	+/-	
• 115. ДИНА	8 МАРТ	+/-	
• 116. АЛТЫНАЙ	АҚЖЕЛЕҢ	+	
• 117. ҚАЗАНҒАП	КЕРБЕЗ АҚЖЕЛЕҢ	+	
• 118. ҚАЗАНҒАП	ҚҰС ҚАЙТАРУ	+	
• 119. ҚҰРМАНҒАЗЫ	БҰЛБҰЛ	+/-	
• 120. ЕСІР	АҚЖАРМА	+/-	
• 121. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	ҚАРАЖАН ХАНЫМ	+/-	
• 122. ҚАЗАНҒАП	ЖҰРТТА ҚАЛҒАН	+/-	
• 123. БОҒДА	ЖЕМ СУЫНЫҢ		+
• 124. МӘМЕН	17-ШІ ЖЫЛ	+/-	
• 125. ХАЛЫҚ КҮЙІ	ТЕЛ ҚОҢЫР	+	Deay PF
• 126. ХАЛЫҚ КҮЙІ	ЕЛ АЙРЫЛҒАН II		
• 127. АЙДОС	АЙДОС	+	
• 128. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	ЫСҚЫРМА	+	
• 129. ӘБІКЕН	ҚОҢЫР	+	
• 130. ТӘТТІМБЕТ	ҚОСБАСАР-IY	+	
• 131. ТӘТТІМБЕТ	ҚОСБАСАР-YI	+	
• 132. ҰЗАҚ	АҚЖЕЛЕҢ		+
• 133. СҮГІР	ҚАРАТАУ ШЕРТПЕСІ	+	
• 134. ЕСІР	9-ТҮЙЕШІ		+
• 135. ҚАЗАНҒАП	КҮЙ БАСЫ	+	
• 136. ҚАЗАНҒАП	БӨГЕЛЕК		+
• 137. ҚАЗАНҒАП	АҚЖЕЛЕҢ I	+	
• 138. СҮГІР	ЫҢҒАЙ ТӨКПЕ		+
• 139. ӨСКЕНБАЙ	БҰЛБҰЛ АҚЖЕЛЕҢ	+	
• 140. ҚҰРМАНҒАЗЫ	САРАНЖАП	+	
• 141. ҚҰРМАНҒАЗЫ	АЙДА БҰЛБҰЛ	+	
• 142. ҚҰРМАНҒАЗЫ	ТЕРІСКАҚПАЙ	+	
• 143. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	ҚЫЗ АҚЖЕЛЕҢ		+
• 144. СҮГІР	БЕС ЖОРҒА	+	
• 145. ДИНА	ЖІГЕР	+	
• 146. ХАМЗИН	ҚОСБАСАР	+	
• 147. ТӘТТІМБЕТ	САРҚАМЫС	+	
• 148. ТҮРКЕШ	БАЙЖҰМА	+	
• 149. ДИНА	ҚАРА ҚАСҚА АТ		+

150. ҚАЗАНҒАП	УЧИТЕЛЬ	+
151. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	ҚОС АЛҚА –І	
152. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ	ҚОС ІШЕК	
• 153. ҚҰРМАНҒАЗЫ	ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫҢ СЕРПЕР	
• 154. ҚҰРМАНҒАЗЫ	ЕРОВ МАРШЫ-І	
• 155. ҚҰРМАНҒАЗЫ	ПЕРОВ МАРШЫ-ІІ	
156. ҚҰЛШАР	ҚЫЗ ҚАМАҒАН	
+ 157. ХАЛЫҚ КҮЙІ	НОҒАЙЛЫНЫҢ ЗАРЫ	
• 158. ҚҰРМАНҒАЗЫ	МАНАТА	
159. ЕСІР	ҚОС АЙЫРҒАН	
160. ТӨЛЕГЕН	МЫҢ ЖЫЛҚЫ	
161. ХАЛЫҚ КҮЙІ	САЛ КҮРЕҢ	
* 162. КӘУЕН	СӘНӘУ	
* 163. СҮГІР	ЖОЛ. ЖОЛДЫ ҚОҢЫРЫ	
• 164. ТАСТАНОВ	ТОЛҒАУ	
• 165. ХАЛЫҚ КҮЙІ	КЕРБЕЗ АҚЖЕЛЕҢ	
+ 166. ӘЛІКЕЙ	СЫБЫРЛАҚ	
• 167. ҚҰРМАНҒАЗЫ	КӨК АЛА АТ	
• 168. ТӨЛЕГЕН	ІНІЛЕРІМЕ	
• 169. ТӨЛЕГЕН	ЖАЙДАРЫ	
• 170. ХАЛЫҚ КҮЙІ	ҚОСБАСАР	
• 171. ҚАЗАНҒАП	ӨТТИҢ ДҮНИЕ	
• 172. ЖЕЛДІБАЕВ	ЕРКЕ СЫЛҚЫМ	
• 173. ТӘТТІМБЕТ	АЗАМАТҚОЖА	
174. СЕКЕН	КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ	
